



# Қазақстан мұнайының 120 жылдығымен құттықтаймыз!



## ТШО жаңалықтары

ТШО жаңалықтары | №05 (243) | қыркүйек-қазан, 2019 ж.

### ҚР Президентінің Атырауға сапары

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау облысына сапары кезінде Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай, мұнайгаз саласын дамыту мәселелері бойынша кеңейтілген кеңес өткізді. Кеңеске Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев, Энергетика министрі Қанат Бозымбаев, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзом Мырзағалиев, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Ахметжан Есімов, ресейлік «Лукойл» мұнайгаз компаниясының президенті Вагит Алекперов,

сондай-ақ «Теңізшевройл», «NCOC» және «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг» компанияларының басшылары, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары, мұнайшылар мен геолог – барлаушылар қатысты.

Өз сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев жылу энергетика кешенінің Қазақстан экономикасында басты рөл атқаратынын сөз етті. Мұнагаз саласын одан әрі дамытудың маңыздылығына тоқталып, үкімет пен жергілікті атқарушы органдар алдына бірқатар нақты міндеттер қойды.

Мемлекет басшысы табиғат ресурстарын тиімді пайдаланудың,



экологияны қорғаудың маңыздылығын атап өтті. Президент ол үшін заманауи технологияларды қолданудың, ескі жабдықтарды жаңғыртудың, ауаға жіберілетін шығарын-

дыларды қысқартудың, мұнай мен газдың орынсыз төгілуін тежеудің қажеттігіне тоқталды.

(Жалғасы 2-бетте)



### ТШО серіктестерінің Кеңесі

Үстiмiздегi жылдың 19 қыркүйегiнде Алматы қаласында «Теңiзшевройл» кәсiпорны серiктестерiнiң кезектi Кеңесi өттi. Бұл компания қызметiнiң тиiмдiлiгiн екшелеп, оның бизнес жоспарын бекiтетiн маңызды шара.

Кеңестi серiктестер Кеңесiнiң төрағасы Жақып Марабаев ашып, жиналғандарды Қазақстан мұнайының 120 жылдығымен құттықтады. Ол өз сөзінде жеке бас және өндiрiс қауiпсiздiгiн сақтауда кәсiпорынның «Өмiрдi сақта» бағдарламасының маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, Кеңес төрағасы ТШО-ның өндiрiстi кеңейту және сақтау бағытындағы бастамалары мен жобаларын қолдады. Кадрларды ұлттандыру бағытында атқарылған жұмыстарды атап өттi.

ТШО бас директоры Имер Боннер кәсiпорынның алты бизнес-басымдығы-

на сай, есеп бердi. Ол өз сөзiн қауiпсiздiк процесiндегi тамаша жетiстiктен бастап, бұл бағытта сабақ алуға тұратын өкiнiштi оқиғалардың алдын алу қажеттiгiн атап өттi. Келесi бизнес басымдыққа сай, өндiрiске тоқталып, кәсiпорынның өндiрiстiк көрсеткiшi тарихи рекорд жолында екендiгiн айтты. КТЖ-1 зауытындағы мерзiмiнен екi күн бұрын табысты аяқталған күрделi жөндеу де назардан тыс қалмады. Үшiншi бизнес басымдық-Келешек Кеңею Жобасы. Имер ханым жоба үшiн, биылғы жылдың маңыздылығын атап өтiп, жоба ұжымының жоспардың тиiмдi орындалысын қамтамасыз етiп отырғандығын атап өттi. Бизнес басымдықтың келесi кезеңiне тоқталғанда, Имер Қазақстан экономикасы үшiн, кәсiпорын бизнесiнiң маңыздылығын сөз етiп, жергiлiктi қамтуға жұмсалатын шығынды ұлғайту бағытындағы жалпы жоспарды ортаға

салды. Бұған қоса, ол кадрларды ұлттандыру жоспарын нығайтуды және жұмыс күшiн дамытуға салынар инвестицияны да айтып кеттi. Технология мәселесi де назардан тыс қалмады, кәсiпорынның цифрлық трансформация бағытындағы жұмысы, технологияға инвестиция көптiң назарына ұсынылды. Бесiншi бизнес-басымдық бойынша, бас директор өндiрiс тиiмдiлiгi, көлiк шығындарын оңтайландыру, жобаларды жүзеге асыру, шығындар тәртiбi мәдениетiн қолдау және қорларды қысқарту сияқты бес маңызды мәселенi қамтыды. Ал, соңғы, алтыншы бизнес- басымдық бойынша ол ККЖ -дан тыс болашақ мүмкiндiктер мен жобаның кейбiр басты кезеңдерiнiң нәтижелерiмен бөлiстi.

Бұдан әрi ол кәсiпорынның 2020-2023 жылдарға арналған бизнес жоспарының қысқаша түйiндмесiн ортаға салды. Бас директор өз сөзiн адамдарға, қоршаған ортаға ықпал етуi мүмкiн қауiпсiздiк саласындағы жеке, технологиялық оқиғаларға жол бермеу, өндiрiс, ККЖ-ның

сындарлы кезеңi, стратегиялық бастамалар мен бюджет бекiту сияқты басты мәселелермен аяқтады.

Сондай-ақ, Кеңесте өндiрiстi оңтайландыру/Еңбек қауiпсiздiгi, еңбектi және қоршаған ортаны қорғау бөлiмiнiң бас менеджерi Дэн Уедленн, қаржы жөнiндегi бас менеджер Райгүл Жетпiсова, стратегиялық жоспарлау және талдау бөлiмi бас менеджерiнiң орынбасары Қалыбек Мұқановтар сөйлеп, өз салалары бойынша басты мәселелермен бөлiстi.

Серiктестер Кеңесiнiң барлық мүшесi кәсiпорынның 2020 жылға арналған операциялық және күрделi бюджетiн және келiсiм-шарттар бойынша жоспарын бiр ауыздан қолдады.

ТШО серiктестер Кеңесiнiң келесi отырысы 2020 жылдың 16 сәуiрiне жоспарланды.

**Ойрат Өзбергенов,**  
кәсiпорынның стратегиялық жоспарлау және талдау бөлiмiнiң консультанты.

Суреттi түсiрген **А. Хамиев.**





## ҚР Президентінің Атырауға сапары

(Басы 1-бетте)

Кеңейтілген кеңес барысында ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев баяндама жасады.

– Тұңғыш кен алаңын жайғастырудан бергі арада өткен ғасырдан астам уақытта елімізде 300-ден астам мұнай кен алаңы игеріліп келеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Елбасының сарабал саясатының арқасында елімізге Шеврон, Аджип, Шелл, Тоталь, СНПС сияқты әлемдік мұнай компаниялары инвестиция салып, технологияларын әкелді. Әрбір жаңа жоба арқылы мұнай өнеркәсібі саласының әлеуеті артып, өнім көлемі өсті. Мұнай қорында айтарлықтай өсу болды, тоқсаныншы жылдардағы 5,3 млрд баррель мұнай 30 млрд баррель деңгейіне көтерілді. Қазақстан мұнай экспорттаушы мемлекеттермен бірқатарға шықты. Алынатын қор бойынша, еліміз 12-орынға (4,6 млрд тонн), ал газ қоры бойынша 22-орынға (3,9 трлн куб. м) көтерілді. Мұнай өндіру көлемі 3,5 еседен артыққа көбейіп, 1991 жылғы 25 млн тоннадан 90 млн тоннаға жетті. Тәуелсіздік жылдарында 1,5 млрд тоннадан астам мұнай және 741 млрд текше метр газ өндірді. Ұлттық Қорға 31,6 трлн теңге қаржы түсті, – деп хабарлады министр.

Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай, өткен сегіз айдың қортындысы бойынша өндіруші

сектордағы мұнай өндіру көлемі 59,8 млн тонна құрады. Министр өз сөзінде мұнайгаз саласында, ірі жобаларда кең көлемді, ұзақ мерзімді инженерлік-техникалық жобалардың жалғасын тауып жатқанын атап өтті. Мәселен, мұнай өндірісіндегі 44,5 млрд АҚШ доллары көлеміндегі негізгі инвестиция Теңіз Келешек Кеңею Жобасына (36,8 млрд АҚШ долл.), Қашағанды кеңейтудің 1-кезеңіне (2 млрд АҚШ долларов) және Қарашығанақтағы өндіру деңгейін ұзарту Жобасына (4,5 млрд АҚШ долл.) тиесілі.

Кеңесте «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Ахметжан Есімов, ҚР Экология, геология табиғи ресурстар министрі Мағзом Мырзағалиев, «Лукойл» мұнайгаз компаниясының президенті Вагит Алекперов, «Теңізшевройл» ЖШС-нің бас директоры Имер Боннер және «NCOC», «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг» компаниялары басшылары сөз сөйледі.

\*\*\*

### Кеңестегі «Теңізшевройлдың» бас директоры Имер Боннердің сөзі

Қайырлы күн, мәртебелі Президент мырза!

Құрметті қонақтар!

Мен үшін осы шараға «Теңізшевройл» компаниясының атынан қатысып, Қазақстан Республикасы тарихындағы биік белесті - мұнай кәсіпшілігінің 120 жылдық мерейтойын атап өту үлкен құрмет.

Бұл жол табысқа, өрлеу мен жетістіктерге толы ғажайып бір жол болды және мұнай өнеркәсібі үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан халқы үшін.

ТШО осы керемет жолда қазақ елі-

не сапарлас болғанын мақтан тұтады.

### ТШО жетістіктерінің тарихы

Ширек ғасырдан астам уақыт бойы ТШО өз қызметін жоғары жауапкершілікпен атқару және әрдайым өндірістің қауіпсіздігі мен сенімділігіне ерекше көңіл бөлу арқылы Қазақстан Республикасының әл-ауқатын арттыруға орасан зор үлес қосып келеді.

Бүгінгі таңда сонау 1993 жылы компаниямыздың өндіріс көлемінің бір-ақ миллион тонна құрағанын елестету қиын. Өткен жылдың соңында өндіріс көлемі 28,6 миллион тоннаға дейін артты және бұл елдегі мұнай өндірісі жалпы көлемінің шамамен 35 пайызын құрайды. Бұл шын мәнінде таңқаларлық жетістік!

Соңғы 5 жылда ТШО жоғары нәтижені жалғастырып келеді. Зауыттардың сенімділігі 98%-ды құрап, компания тарихындағы ең жоғары көрсеткіш болды және ТШО тәулігіне мұнай өндіру көлемі бойынша қатарынан 40-қа жуық жаңа рекордтық көрсеткішке қол жеткізді.

Зауыт жабдықтарының бүтіндігі мен сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған күрделі жөндеулерге салынған инвестициялар осы жетістіктерді нығайта түсуде.

Дәл осы уақытта 9400 маман компаниямыздың тарихындағы ең ірі, ең кешенді жыл сайынғы күрделі жөндеуді, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше көңіл бөле отырып, аяқтауда.

Технологиялар Теңіз және Королев кен орындарының игерілуінде әрдайым елеулі рөл атқарды және әлі де атқаруда.

Сейсмикалық деректерді өңдеу, шикі газды айдау және технологиялық үдерісті заманауи түрде басқару -

ТШО өндірісінің үздіксіз жетілуін қамтамасыз етуге көмектесетін технологиялардың бірнешеуі ғана.

Цифрлық технологиялардың алға басуының арқасында біз мұнайлы қойнауқатты игеруден бастап, өнімді түпкілікті тұтынушыға жеткізуге дейінгі компанияның бүкіл өндіру-өткізу қызметі бойынша қауіпсіздік көрсеткіштері мен өндірістік көрсеткіштерді жақсартып, шешім қабылдау үдерісінің тиімділігін арттыру үшін деректердің әлеуетін қолдануды қолға алудамыз.

### Қазіргі және келешек кеңею жоспарлары

Келешекке көз жібере отырып, біз Теңіз кен орнындағы өндірісті ауқымды ұлғайтудың келесі кезеңі болып табылатын жобаны іске асырудамыз.

Бүгінгі таңда 48 000 қазақстандық маманды тұрақты түрде жұмысқа тартып отырған ТШО-ның Келешек кеңею жобасы - Ұңғы рнеуіндегі қысымды басқару жобасы мұнай саласында бүкіл әлемде жүзеге асырылып жатқан ең ауқымды күрделі жоба болып табылады.

Бұл жоба - әлемдік деңгейдегі жоба және оның модульдері Қазақстан Республикасында, Оңтүстік Кореяда және Италияда жасалуда. Жобаның іске асырылуы мұнай өндіру көлемін алдағы жылдар ішінде 28 миллион тоннадан 39 миллион тоннаға дейін арттырады деп күтілуде.

Бүгінгі таңда жоба 65 пайызға аяқталып отыр және біз құрылыс жұмыстарының қарқынын алғашқы мұнай алғанға дейін арттыра отырып, маңызды межелерді орындауды көздейміз.

Десек те, ККЖ біздің қоржынымыздағы келешек мүмкіндіктерді іске асыратын жалғыз жоба емес. Қазіргі



таңда компания мұнай шығару көрсеткіштерін арттыруға бағытталған мұнайлы қойнауқатты су тоғыту сынамалы жобасын іске асыруда және алғашқы жазық ұңғымасын бұрғылауда. Бастаманың екеуі де болашақта Теңіз және Королев кен орындарында мұнай өндіру көлемін арттыруға орасан зор мүмкіндіктер туғызатын болады.

Аталмыш жобаларды іске асырумен қатар, еліміздің және қызметімізді атқарып жатқан өңірлердің әл-ауқатын арттыру айрықша маңызды екені сөзсіз.

#### Қазақстан Республикасының экономикасына салымдар

1993 жылдан бері ТШО-ның Қазақстан Республикасына тікелей қаржы төлемдерінің көлемі 141 миллиард АҚШ долларын құрады. Біз қызметкерлерге көмек көрсету бағдарламаларына және әлеуметтік жобаларға 1,8 миллиард АҚШ доллары көлемінде қаржы салдық, соның ішіндегі 250 миллион АҚШ доллары әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға жұмсалды.

Дәл осы кезең ішінде компания 30 миллиард АҚШ долларын жергілікті тауарлар мен қызметтерге жұмсады және 2019 жылдың өзінде қазақстандық қамтуға жұмсалған қаржының көлемі 4 миллиардтан астам соманы құрайын деп отыр.

ТШО қазақстандық компанияларға тұрақты бизнес-үлгілерді дамыту үшін әр түрлі тұрғыдан қолдау көрсетуде және жергілікті компаниялармен бірлескен кәсіпорындардың құрылуына мүмкіндігінше жағдай жасауда.

Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Энергетика министрлігіне өнеркәсіптік орталықтар құру үшін шетелдік компанияларды тартуға әрдайым көңіл бөлгендері үшін шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз.

#### Қорытынды

Өткен 120 жыл – қазақстандық мұнай өнеркәсібі дамуының керемет жолы болды және ТШО осы жолда елге сапарлас болғанын мақтан тұтады.

Бүгінгі табысымыз ҚР Үкіметінің, қызметімізді атқарып отырған өңірлер жұртшылығының, сондай-ақ білікті әрі дарынды қызметкерлеріміздің үздіксіз қолдауынсыз мүмкін болмас еді.

Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасымен серіктестігіміз – бірлесе жұмыс істей отырып, қаншалықты керемет нәтижелерге жетуге болатынын көрсететін жарқын өнеге.

Ел экономикасын әрі қарай алға бастыруға, табысы мол мұнай саласының дамуына қолдау көрсетіп, Қазақстанның болашақ ұрпақтары үшін мүмкіндіктер туғызуда үлесімізді қоса отырып, арамыздағы жемісті серіктестігімізді әрі қарай жалғастыруға ниеттіміз.

Сөзімді аяқтай отырып, Президент мырза, Сізді, барша құрметті қонақтарымызды және мұнай саласындағы әріптестерімізді Қазақстан мұнайының 120 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтағым келеді!

Мереке құтты болсын! Рахмет!

#### Өз тілшіміз.

1-2 беттердегі суреттерді түсірген облыстық "Атырау" газетінің фототілшісі **Ерлан Алтыбаев**.

## Қасым-Жомарт Тоқаев мұнайшылардың еңбегін атап өтті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауға сапары барысында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Жайық» спорт кешенінде Қазақстан мұнайының 120 жылдығы құрметіне өткен салтанатты жиналысқа да қатысты.

артып отырғанын сөз етті. Және де «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясының Chevron, ExxonMobil, Shell, Лукойл, Eni, Total, CNPC және басқа да корпорациялармен бірге ірі жобаларды жүзеге асырып отырғандығын баяндады.

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев



Суретте: Республика Президенті Қ. Тоқаев ТШО-ның суперинтенданты Кенжетай Тілегеновке марапат тапсыруда.

Қатысушылар алдында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы мұнайшыларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың республика алдындағы орасан зор еңбегіне тоқталды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай саласында заманауи технологиялар мен әлемдік озық тәжірибелерді меңгерген отандық мамандар қатарының жылдан жылға

Қазақстан мұнайшылары ұрпақтары сабақтастығының маңыздылығын, олардың отандық мұнай өнеркәсібін қалыптастырудағы ролін, күні кешелері Атырау мұнай және газ университетіне есімі берілген Сафи Өтебаевтың елеулі еңбегін атап өтті.

– Осы залда кәнігі мамандар мен өз ісінің шеберлері отыр. Мен сіздердің бай

тәжірибелеріңіздің саланы айтарлықтай жаңғыртуға ықпал етіп, еліміздің одан әрі гүлденіп, халқымыздың әл-ауқатының бұдан да жақсара түсуіне жол ашатынына сенімдімін. Саланы дамыту жөніндегі стратегиялық жоспарға сай, 2025 жылға таман мұнай өндірісі 100 миллион тоннадан аспақ, ал газдың жылдық өнімі 77 миллиард текше метр болмақ. Болашақ минералдық-шикізат базасынсыз және қор өсімінсіз мүмкін емес. Осыған орай, 2021-2025 жылдарды қамтитын геологиялық барлаудың кең ауқымды бағдарламасы жасақталуда. Эксперттердің бағалауы бойынша, Орталық және Солтүстік Қазақстанның әлеуетті ресурсы Қазақстанның 75 миллиард тонна шамасындағы жалпы ресурсының шамамен 18 миллиард тоннасын құрайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде. – 2025 жылға қарай жылдық өндірісті тұрақты өсіруді қамтамасыз етіп, валдық ішкі өнімді 5%, не одан да жоғары деңгейде ұстау көзделуде. Бұл менің Қазақстан халқына Жолдауымда айтылды. Осы мақсаттарға қол жеткізуде еліміздің мұнайгаз секторының атқаратын ролі орасан зор, – деп Мемлекет басшысын сөзін қорытты.

Салтанатты жиналыс соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әр өңірінен Атырауға келген мұнайгаз өнеркәсібі саласының таңдаулы 41 қызметкеріне мемлекеттік марапат тапсырды. Олардың арасында Шеврон корпорациясының вице-президенті Джей Джонсон II-дәрежелі «Достық» орденімен, ал «Теңізшевройлдың» суперинтенданты Кенжетай Тілегенов ҚР Президентінің Құрмет Грамотасымен марапатталды.

**С. Шектібайқызы.**



## Экологиялық кодекстің жаңа жобасы талқыланды

ҚР Президентінің Атырау облысына сапары кезінде, Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай, «Теңізшевройл» ЖШС-нің бас ғимаратында үш ірі оператор - ТШО, КПО, NCOC-тың KAZENERGY Ассоциациясы төрағасы Тимур Құлыбаевпен, Энергетика және Экология, геология және табиғи ресурстар министрліктерінің өкілдерімен экологиялық кодекстің жаңа жобасын талқылау бойынша кездесуі өтті.

Кездесуге Энергетика министрі Қанат Бозымбаев, KAZENERGY бас директоры Болат Ақшолақов, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзом Мырзағалиев, сондай-ақ, үш оператордың бас дирек-

торлары Имер Боннер (ТШО), Ричард Хоув (NCOC) и Эдвин Блом (КПО) қатысты.

Кездесу салтанатты рәсіммен ашылды. ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев Тимур Құлыбаевты, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Энергетика министрі Қадыр Байкеновті Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған мерекелік медальмен марапаттады.

Бұдан кейін кездесуге қатысушылар үстіміздегі жылдың желтоқсан айында Парламентке ұсынылатын экологиялық кодекстің жаңа нұсқасының жобасын талқылады. Кодекс 2021 жылы қабылданбақ. Мұнайгаз компаниялары өкілдерін негізінен үш мәселе, атап

айтқанда, жерасты сулары, күкіртті сақтау және квалификациялау, салық жайы қызықтырды. Бұл мәселелердің бәрі де ашық талқыланды, әр жақ өз көзқарастарын қорғау бағытындағы пікірлерін негіздеді. Пікірталасан кейін, аталған мәселелерді әлі де талқылау, компаниялар ұсынысына сай, кодекс жобасына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылданды.

Айта кету керек, бұған дейін, республика астанасы Нұр-Сұлтан қаласында компаниялар құқына нұқсан келтірмеу және еліміздің экологиялық жағдайын сақтау мақсатында экологиялық кодекстің жаңа нұсқасын оңтайландыру мақсатында арнайы жұмыс тобы құрылған болатын.

**Айжан Есқожиева,**  
 үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің қызметкері.

Суретті түсірген **А. Хамиев**.



## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

## «Ерен еңбегі үшін» медалымен марапатталды

ТШО-ның айтулы да, маңызды жетістіктерінің бәрі қызметкерлерінің біліктілігі мен біліміне тікелей байланысты. Теңіздей алып кенішті игеру сияқты күрделі жұмыс солардың еншісі. Теңіздіктердің қай-қайсысы да үлкен жауапкершілікпен еңбек көрігін қыздыруда. Солардың бірі-мұнайгаз кәсіпшілігін пайдалану бойынша басқарушы Сәбит Әжібек.

Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған шаралар шеңберінде ҚР энергетика министрлігінде Энергетика министрі Қанат Бозымбаев Сәбит Әжібекке «Ерен еңбегі үшін» медалын салтанатты жағдайда тапсырды.

Сәбиттің ТШО сияқты алып кәсіпорында еңбек еткеніне 26 жылдан асты, жалпы еңбек өтіліне—33 жыл. Қандай ма жұмыс болмасын, өзіне тапсырылған лауазымды қызметтердің бәрінде де Сәбит өзін кәсіби шебер, жауапкершілігі мол, еңбекқор азамат ретінде көрсетті.

Өзінің мансаптық жолында үлкен жауапкершілікті талап ететін энергоцехтағы бу қазандығы жабдықтары бойынша 4 разрядты аралап қараушы машинистігінен бастап, газды күкірт қосындылары мен көміртек тотығынан тазарту



бойынша өндірістің сыртқы нысандарын пайдалану қызметінің ауысым бастығы, өнімдерді (күкіртті) сақтау және тиеу бөлімінің бастығы, зауытты пайдалану бастығы, мұнайгаз кәсіпшілігін пайдалануды басқарушы, ККЖ-ның пайдалану бөлімінің басқарушысы, мұнайгаз кәсіпшілігін пайдалануды басқарушы сияқты қызметтерді атқарды.

Бүгінгі таңда ол аса жауапты сала-өндірісті пайдалану бөлімі ұжымы құрамында басты рөл атқаруда. С.Әжібай өзінің күнделікті жұмысында ТШО жолына

сай, жоғары этикалық стандарттарды сақтай отырып, Қазақстан Республикасының заңдары мен нормалары негізінде кәсіби шеберліктің үлгісін көрсетуде.

Біз Сәбитті мемлекеттік марапатымен құттықтап, деніне саулық, компания мен ТШО серіктестерінің игілігі жолында өндірісте қауіпсіз еңбек жетістігіне жете беруіне тілектеспіз.

**Ерлан Ешмұханбетов,**  
үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі.

## ТАҒАЙЫНДАУ

Үстіміздегі жылдың 4 қазанынан бастап Қалыбек Мұқанов кәсіпорынның стратегиялық жоспарлау және талдау бөлімінің бас менеджері лауазымына тағайындалды.

Қалыбек Атырау мемлекеттік университетін қаржы және бухгалтерлік есеп мамандығын бакалавр дәрежесімен, сондай-ақ Ұлыбританиядағы Манчестер бизнес мектебін жалпы менеджмент саласы бойынша іскерлік әкімшілік магистр дәрежесімен тамамдаған.

2000 жылы ТШО-ға жұмысқа орналасқаннан бастап, Қалыбек әр түрлі қызметтер атқарды, уақыт өткен сайын жауапкершілік дәрежесі аса жоғары лауазымдарға тағайындалды, оның ішінде маркетинг және тасымалдау бөлімін қаржылық қолдау жөніндегі супервайзер, қаржы бөлімінде ішкі бақылау тобы менеджерінің орынбасары және ішкі аудит жөніндегі менеджер, маркетинг және тасымалдау бөлімінде логистика және тасымалдау менеджері қызметтерін, ал соңғы уақытта Қалыбек стратегиялық жоспарлау және талдау бөлімі бас менеджерінің орынбасары қызметін атқарды.

Қалыбек бұл лауазымға оның көшбасшылық дағдылары, тәжірибесі мен техникалық білімі, сондай-ақ стратегиялық жоспарлау, жұмысты тиімді басқару және түрлі мүдделі тараптармен өзара байланысу салаларындағы тәжірибелері негізінде тағайындалды.



## КТЖ-1 зауытында күрделі жөндеу сәтті аяқталды

Баршамызға белгілі, ТШО жыл сайын күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін технологиялық желілердің бірін тоқтатады. Осынау ауқымды да күрделі жөндеу жұмыстары технологиялық процестердің жоғары сенімділігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Осы жылдың 1-тамызында КТЖ-1 зауытында күрделі жөндеу жұмыстары жоспарланған мерзімде басталып, 9 қыркүйекте аяқталды. Жобаны жүзеге асыру жоспарланған 42 күннің орнына 40 күнде сәтті аяқталды, бұл осынау ауқымды жөндеу жұмыстары үшін бірегей мерзім болды. Барлық жоспарланған жұмыстардың, сондай-ақ күтпеген қосымша жұмыс көлемінің аяқталуы КТЖ-1 зауытына сенімді 5 жылдық жұмыс цикліне көшуге мүмкіндік берді.

Күрделі жөндеу өз шыңына жеткен кезде 9400 адамнан асып түскен жұмыс күші күндізгі және түнгі ауысымда еңбек етті. Сондай-ақ бизнес-серіктестермен бірлескен дайындық жұмыстары мен жұмыстарды жүргізуге жұмсалған уақыт 7000


000 сағатты құрады. Жұмысқа жұмылдырылған адамдар санының көп болуына қарамастан, күрделі жөндеу жұмыстары жоспардан ерте, әрі еш жарақатсыз жүзеге асты.

Күрделі жөндеу барысында қондырғыларды тоқтату, тазалау және іске қосу жоспарланған мерзім шегінде аяқталды. Бұл жұмыстар барлық жоспарланған механикалық жөндеулердің аяқталуын және терезе шеңберіндегі барлық анықталған жұмыстарды қамтиды.

Күрделі жөндеудің негізгі жұмыстары:

- 29 000 астам дәнекерленген жіктер;
- 300-ге жуық жабдық пен 6 компрессор жөнделді;
- 14000-нан астам фланецтерді тексеру үшін ашып, тазартты;
- 1000-нан астам клапандар жөнделді немесе ауыстырылды;
- 3400-ден астам қақпақтар орнатылды.

Өндірісті пайдалану тобының бас менеджері Шон Хэнраханнның айтуы бойынша, өз алдына қойылған міндеттерді орындап, байланысты



ұстап, дер кезінде шешім қабылдай отырып, сондай-ақ ТШО бизнес-серіктестерінің қолдауының арқасында, біз осы күрделі жөндеуді қауіпсіз және жоспарланған мерзімнен бұрын аяқтадық.

— Күрделі жөндеу алаңдарына жиі барып тұрған сәттерде, мен сіздердің қажырлы еңбектеріңізді және «бірыңғай ТШО» болып жұмыс істегендеріңізді

байқадым. Осындай кең ауқымды күрделі жөндеуді жүзеге асыруда біз көптеген топтарды жұмылдыра білдік. Бізде ең мықты топ болса, барлықтарыңыздың арасындағы сенім мен ынтымақтастық, — деп атап өтті Шон.

Бұл ТШО тарихындағы ең ауқымды жұмыстарды жарақатсыз және жоспардан ерте сәтті аяқтау барысында «бірыңғай

ТШО» танымын ұстанудың жарқын мысалы болып табылады. Өндірісті пайдалану бөлімі және күрделі жөндеу жұмыстарына қолдау көрсеткен барлық әріптестерімізді осындай тамаша жетістіктермен құттықтаймын.

**Арслан Агишанов,**  
үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің қызметкері.





## «Мұнай атаға» ескерткіш

Қазақстан мұнайының 120 жылдығы қарсаңында Атырау мұнай және газ университеті ғимараты алдына ел ауызында «мұнай ата» атанып кеткен атақты мұнайшы Сафи Өтебаевтың ескерткіші ашылды. Бұған дейін Қазақстанның, Кеңестер Одағының Құрметті мұнайшысының туғанына 110 жыл толуына орай, оның есімі осы университетке берілген болатын.

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Айбек Крамбаев, KAZENERGY Ассоциациясы төрағасының орынбасары Ұзақбай Қарабалин, ардагер мұнайшылар, жұртшылық өкілдері мен Сафи Өтебаевтың ұрпақтары қатысты.

Жиналғандар алдында сөз алған қызы Светлана мен ұлы Мақсот Өтебаевтар әкесіне, көзі тірі кезінде және де бүгінде оның рухына көрсетіліп жатқан құрмет үшін шексіз алғыстарын білдірді.

Атақты мұнайшы құрметіне «KAZENERGY»-дің білім бағдарламасы шеңберінде мұнайгаз, энергетика мамандықтарына оқып жатқан студенттерге (Шеврон компаниясының Сафи Өтебаев атындағы стипендиялық бағдарламасы) Сафи Өтебаев атындағы стипендия берілді. Биылғы оқу жылында «Мұнай ата» атындағы стипендияға Атырау мұнай және газ институтының «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша екінші курс магистранты Арыстанова Мадина ие болды. Магистрантқа стипендия сертификатын Шевронның Атырау аймақтық компаниясының бас директоры Құлжанов Ілияс тапсырды.

Биіктігі 7 метрлік ескерткіш Атырау облысы әкімдігі мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның қолдауымен жүзеге асты. Авторы-Қазақстан Республика-



сының еңбек сіңірген қызметкері, суретші, мүсінші Ескен Сергебаев.

Ескерткіштің ашылу салтанатынан кейін, қонақтар ескерткішке гүл қойып, университеттегі Сафи Өтебаев мұражайын аралап, көрді.

**«Қазақстан мұнайы: кеше және бүгін»**

Сафи Өтебаев ескерткішінің ашылу рәсімінен кейін, жиналғандар Атырау мұнай және газ университетіндегі Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған «Қазақстан мұнайы: кеше және бүгін» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысты.

Конференцияның негізгі

мақсаты – болашақта Атырау облысының атын алысқа апарар атақты мұнайшылар даярлауда заманауи технологиялар мен инновацияларды оқу бағдарламаларына батыл енгізу болды.

Конференцияның ашылу салтанатына KAZENERGY Ассоциациясы төрағасының орынбасары Ұзақбай Қарабалин, Қазақстан мұнайшы-геологтар қоғамының президенті Балтабек Қуандықов, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның, ТШО, NCOC компанияларының өкілдері, Қазақстан Республикасы мұнайгаз саласының ардагерлері қатысты. Конференцияда республика мұнайының дамуына еңбек сіңірген ардагер

мұнайшыларға Қазақстан мұнайының 120 жылдығы құрметіне шығарылған мерекелік медаль салтанатты жағдайда тапсырылды. Мұндай құрметке университеттің оқытушы, профессорлары да ие болды.

«Теңізшевройл» кәсіпорны аталған шара демеушілерінің бірі ретінде қатысты. Конференцияда сөз алған кәсіпорынның мұнай өндіру технологиясы жөніндегі менеджері, Қазақстанның Еңбек Ері Руслан Қуатов: «ТШО өз қызметінде кадр саясатына ерекше мән береді. Біз мұнайшылардың жаңа буынының өсіп келе жатқанын мақтан тұтамыз. Осындай конференциялар арқылы жастар аға буынның тәжірибесінен тәлім алуға, тың идеялармен сусындауға мүмкіндік алады. Атырау мұнай және газ университеті мұнайгаз саласына қажет кадрлардың құтты ұясы. Бұл жерден болашақта да жас, білікті мамандар ұшып шығады деген сенімдемін» – деді.

Конференцияға Ресей мен Қазақстанның жүзден аса мамандары өз жұмыстарымен қатысты. Бұлардың қатарында жас мамандар да болды.

**Айжан Есқожиева.**

## ФОРУМ

## Түпнұсқалық жабдықтар өндірісін жергіліктендіру

Жақында Атырауда Қазақстандағы ірі мұнай-газ жобаларының операторлары: «Теңізшевройл» ЖШС (әрі қарай – ТШО), «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (әрі қарай – НСОС) және «Карачаганак Петролеум Оперейтинг Б.В.» (әрі қарай – КПО) ҚР энергетика министрлігінің және Атырау облысы әкімдігінің қолдауымен OEM (original equipment manufacturer – түпнұсқалық жабдық өндіруші) тауарларын жергіліктендіру тақырыбында форум өткізді. Форумға еліміздің әр аймағынан 30-дан астам OEM және 57-ден астам компания қатысып, бизнесті жергіліктендіру мүмкіндігін кеңінен талқылады.

Аталмыш форумда операторлар жабдық өндірушілеріне OEM тауарларын жергіліктендіру стратегиясын ұсынды және қысқа мерзімді және орта мерзімді қажеттіліктерімен таныстырды. Форум нәтижесінде оның қатысушылары Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпорын құру туралы өз ұсыныстары мен идеяларын ортаға салды.

Форумда сөз алған «Теңізшевройл» ЖШС-нің бас

директоры Имер Боннер: «ТШО Теңіз кен алаңының және еліміздің мұнайгаз саласы қажеттіліктері үшін түпнұсқалық жабдықтар шығарушылармен ұзақ мерзімді келісім-шарттарға ие. Осындай ұзақ мерзімді келісім-шарттар шеңберінде қазақстандық қамтуды дамыту жоспары жасалды», – деді.

Бас директор сөз еткендей, мәселен, «Шнайдер Электрик» ЖШС Атырау қаласынан энергетика және энергетика жүйелерін автоматтандыру бойынша мамандарды оқыту орталығын ашпақ. Аталмыш орталық түлектеріне халықаралық кәсіби сертификат беретін тұңғыш орталық болмақ. Имер Боннердің айтуынша, оқу орталығы 2019 жылдың 4 тоқсанында ашылады.

Қазақстандықтардың әлемдік деңгейде білім мен дағды алуына септігін тигізетін тағы бір жоба – Қазақ-Британ техникалық университеті базасындағы автоматтандыру және тәжірибелік лаборатория болып табылады. Бұл жобаның ашылуы туралы келісімге технологиялық процестерді басқару жүйесі саласында әлемдік деңгейдегі



көшбасы саналатын Honeywell Kazakhstan компаниясымен келісімшарт шеңберінде қол қойылды. Ал, бұл орталық 2019 жылдың қазан айында ашылады.

Клапандарды шығаруды жергіліктендіру «Теңізшевройлдың» Cameron және MRC компанияларымен келісім негізінде жүзеге аспақ.

Имер Боннер хабарлағандай, ТШО қамтушылармен бірге ұзақ мерзімді келісім-шарттар негізінде қазақстандық қамтуды дамытуды көздейтін жүзге жуық жоспар жасады. Оның түпнұсқалық жабдықтарды шығару өндірісі бар.

ТШО-ның ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша қазақстандық қамтуды дамыту жоспары 2016 жылдан бері жүзеге асып келеді. Және де өз тиімділігін дәлелдеп үлгерді. «Теңізшевройл» кәсіпорны қызметіндегі қазақстандық қамту

үлесі жылдан жылға артып келеді. 1993 жылдан бергі уақытта ТШО-ның қазақстандық тауарлар мен қызмет түрлеріне жұмсаған шығыны 30 млрд АҚШ долларынан асты.

Форумда бірқатар құжаттарға қол қойылды. Атап айтқанда, Қазақстан аумағында жергілікті өндіріс үлесін артыру мақсатында түпнұсқалық жабдықтарды өндірушілердің тауарларын алу мақсатында ҚР Энергетика министрлігімен өзара түсіністік туралы Меморандумға (өкілетті орган - «PSA» ЖШС мен КПО); ҚР Энергетика министрлігімен өзара түсіністік туралы Меморандумға (өкілетті орган - «PSA» ЖШС мен NCOC); сондай-ақ, ҚР Энергетика министрлігімен өзара түсіністік туралы Меморандумға (өкілетті орган - «PSA» ЖШС мен ТШО) қол қойылды. Бұларға қоса, өндірушілер мен операторлар арасында келісім мен

келісімшарттар шеңберінде бірнеше құжатқа қол қойылды.

Форумның интерактивті секциясында қатысушыларға Schneider Electric, General Electric, Honeywell, Baker Hughes және басқа да түпнұсқалық өнім шығарушылармен, сондай-ақ оператор компаниялар өкілдерімен тілдесуге мүмкіндік берілді.

Шараны ұйымдастырушылар форумның отандық кәсіпорындарға жаңа өндірісті игеруде және халықаралық стандарттарға сай, тауарлар өндіруде қосымша стимул беріп, нақты бағыт сілтегеніне сенімді. Бұл қазіргі және болашақ мұнайгаз жобаларындағы жергілікті қамту үлесін көбейтуге мүмкіндік береді.

**Марат Дәулетияров,** қазақстандық қамту мәселелері бойынша кеңесші.  
Суретті түсірген **Қарасай Күнжарықов.**



## КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ ЖОБА: КҮНДЕЛІК

## Италияда модуль жасау жұмыстары аяқталды

Жақында электр қуатын өндіруші инфрақұрылымды дамыту жобасына арналған бесінші газ турбиндік генератордың (одан әрі -ГТГ) модулі италияндық Марина ди Каррара кемежайынан жөнелтілді. Бұл Италиядағы модуль жасау тобымен жеткізілген соңғы ГТГ. Қалған төрт генератор кестеде белгіленген мерзімнен бұрын сәтті жеткізілді.

ГТГ модульдері, Ресей Федерациясы ішкі су жүйесінің (РФ ІСЖ) габаритке қойылған шектеулерін ескере отырып, төрт бөлікке бөлініп жасалды. Аталмыш төрт бөлік төменгі және жоғарғы секцияға бөлінген негізгі ГТГ-дан, және дәл сондай төменгі және жоғарғы секцияға бөлінген қосалқы жабдықтарды орнатуға арналған қосымша құрастырмалы

модульдік блоктан тұрады.

“Дженерал Электрик” компаниясы ГТГ модульдеріне қажетті негізгі жабдықтарды жобалау және сатып алу жұмыстарын орындады.

ККЖ жобасының №4 ГТГ модулі үшін болат құрылымдарды жасау жұмыстары 2015 жылдың 21 желтоқсанында Италияның солтүстігіндегі Ровередо қаласындағы “Чимолаи” өндірістік алаңында басталды. Аяқталған модульдік құрылымдар алаңдағы айлақтан баржамен Марина ди Каррара кемежайына, одан әрі өзі жүретін модуль тасымалдағыштардың көмегімен Авенцадағы БХДЭ құрастыру алаңына жеткізілді.

Осы жерде, 2016 жылдың қыркүйегінде Авенцада модульдерге арналған мұржаларды жасау жұмыстары басталды.



№4 ГТГ модулі толықтай өндірістік алаңда құрастырылған жалғыз модуль. Аталған өндірістік алаңда толық жүктемеде сыналған алғашқы “Фрейм 9” ГТГ-сы болды, өйткені әдеттегі өнеркәсіптік тәжірибеге сәйкес сынау толық айналымда жүктемесіз жүргізіледі. Сынау барысында пайдаланылған отын газы бес жүз үйдің бір жылда тұтынатын газ мөлшеріне тең болды. Бес ГТГ барлығы шамамен 625 МВт электр қуатын өндіре алады, бұл жүз мың үйді электрмен қамтуға немесе 11 миллион 60 ваттық шам жағуға жеткілікті.

Сынау сәтті аяқталған соң, №4 ГТГ модулі 2018 жылғы 11 шілдеде, келісімшартта белгіленген мерзімнен алты күн бұрын, Италиядан Бургас қаласындағы жүкті ауыстырып тиеу базасына жөнелтілді. №2 ГТГ модулі 12 қыркүйекте, кестеде белгіленген мерзімнен екі күн бұрын, жөнелтілді. 2018 жылғы қарашада ГТГ бойынша шешім қабылданып, бастапқы жоспарға сәйкес Теңіз кен орнында орындалмақ болған қосымша жөндеп, іске қосу жұмыстары Италиядан орындалады деп шешілді. Кейін 2019 жылдың 12 ақпанында №3 ГТГ модулі және 12

сәуірде №4 ГТГ модулі қайта қаралған келісімшарттағы мерзімнен екі күн бұрын жөнелтілді.

2017 жылғы желтоқсан айында, яғни модуль жасау/құрастыру жұмыстарының қызған кезінде, “Чимолаи” және “Авенца” алаңдарында 774 адам жұмыс істеді. Барлық жұмыс салаларында модуль жасауға 4,4 миллион адам-сағат жұмсалды. 2017 жылғы тамыздан бастап, модуль жасау жұмыстары аяқталғанға дейін (1,4 миллионнан астам адам-сағаты атқарылды) жұмыс күнін жоғалтқан немесе медициналық жәрдем көрсетуді қажет ететін ешбір оқиға орын алған жоқ. 2018 жылғы мамырда ККЖ модуль жасау жұмыстарын қадағалау тобы 39 адамға дейін ұлғайып, 2019 жылғы қазанда Италиядан толықтай демобилизацияланады деп күтілуде.

Модуль жасау жөніндегі жобаның аға менеджері Алан Скоттың айтуынша, БХДЭ мен компанияның алаңдағы топтарының арасында қалыптасқан жақсы қарым-қатынас жобаның сәтті аяқталуына ықпал етті.

## ККЖ-ҰЕҚБЖ директоры Мик Крейли:

### «Біз сізді әркез тыңдауға және алға қадам жасауға дайынбыз»

Қазіргі әлем тез қарқынмен өзгеруде, техника ескіреді, технологиялар жаңарады, күнде бір жаңа өнертабыс. Тек адамдар ғана біздің басты құндылығымыз болып қалады. Әр қызметкер өз ерекшелігімен компаниямыздың алға қойған мақсаттарын орындауға үлес қосуда. Әр қызметкер әлемді жақсартуға түседі. ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасының директоры қатысуымен өткен қатыстылық туралы қысқаша сессияда қозғалған тақырып осы болды.

Қаржы, қазақстандық қамтуды дамыту, келісімшарт және басқа да бөлімдердің өкілдері қатысқан сессияда «қатыстылық және көпқырлылықтың» мәні талқыланды, ойлар ортаға түсті және ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасында қатыстылықты арттыру үшін қандай іс-шаралар тиімді болатыны сөз болды.

Қатыстылық – компанияның ұзақ мерзімдік дамуын анықтайтын факторлардың бірі. Кез келген бизнес адамға

негізделеді және ол бизнестің қандай болары әр қызметкерге байланысты. Корпоративтік қатыстылық туралы айтқанда біз көшбасшылық, яғни уақытынан бұрын қамданушылық туралы емес, ең алдымен ұжымдағы әр адамның өз жұмыс орнын үздігірек әрі қолайлырақ етуді қалауы туралы айтамыз. Жетілу мен жақсартуға ұмтылмау, өкінішке орай, тоқырауға апарды, сондықтан тек қатыстылықты ұстанатын адамдар ғана бұл әлемді өзгерте алады.

«Бір нәрсені өнімдірек, пайдалырақ және жылдамырақ істеуге боларын көрсеніз, риза кейіп таныту не жай ғана үнсіз қалу керек деп ойламаңыздар. Ойыңызды айтыңыз, өз ұсыныстарыңызды беріңіздер. Біз сізді әркез тыңдауға және алға қадам жасауға дайынбыз», – деп бастады сессия жұмысын ККЖ-ҰЕҚБЖ директоры Мик Крейли.

Сессия қатысушылары атап өткендей, ТШО қызметкерлері көпқырлылықты



әрқайсымыздың өз ерекшелігіміз, соның ішінде ұлттық, жас, гендерлік, білім, қабілет, әдет және қалау бойынша өзгешеліктеріміз деп қабылдайды және бұған құрметпен қарайды. Әр қызметкер компанияға өзінің баға жетпес тәжірибесін, жұмыс процесіне көзқарасын, қабілет-машықтары мен армандарын әкеледі.

Сессия барысында қатысушылар «Дәл осы көпқырлылық бізді қуаттырақ, әрқайсымызды ашық әрі сабырлы ете түседі деп сенеміз» деп ой түйді.

Қатыстылыққа келер болсақ, көптеген қатысушылар осы көпқырлылық арқасында бәрімізге ортақ ерекшелік бар екенін атап өтті: әр қызметкердің жұмыс процесіне

қатыстылығы, атап айтқанда:

– Қызметкер бәрімен бірге жетілуге үміт арта отырып, өзін компанияда ұзақ мерзімдік уақытта көреді;

– Қызметкер компания туралы оң пікірін білдіре отырып, өзін компаниямен байланыстырады;

– Қызметкер жұмыс процесін жақсарту әдістерін ұсынуға дайын;

– Қызметкер компания ішінде жетілуге және сол арқылы компанияны дамытуға бар ынтасын қояды;

– Қызметкер ұжымда жұмысқа қолайлы орта тудыра отырып, әріптестерімен еңбек қарым-қатынасын дамытуға бағытталған қызметке қатысады.

Мик Крейли жеке тәжіри-

бесі мен мансап жолының басында кезіккен қиындықтары туралы әңгімелей отырып, сөз соңында «тек басқалармен байланыста ғана бұл әлемді жақсырақ, жарқынырақ және қызықтырақ ете аламыз» деген ойын жеткізді.

«Біз әр қызметкерді өсуге, дамуға, жаңа нәрселер үйренуге және басқалармен тәжірибе бөлісуге шақырамыз. Біз тұлғалығы мен өзі өкілдік ететін мәдениетіне қызығушылық таныта отырып, әр жаңа адамды қуана қарсы аламыз және компанияның ол үшін әрі үйі, әрі өз идеялары мен талантына қанат бітіретін кеңістікке айналдыруға бар күш-жігерімізді саламыз», – деп қорытындылады директор өз сөзін.



## КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ ЖОБА: КҮНДЕЛІК

## Ортақтастыру факторы

Кейде әр адам айналасына қарап, ертеңгі күн өзімізге тікелей байланысты екені туралы ойлануы керек. Жұмыста да дәл солай - проактивтілік мән-жайларға әсер етеді, ал өзін-өзі дамыту мансап сатысымен өсуге және жоғары жылжуға әкеледі. ТШО-ның ортақтастыруға арналған кеңесі ұйымдастырған жиналыстың қатысушылары осындай қорытындыға келді.

Жақында ККЖ-ҰЕҚБЖ директорының орынбасары Айдар Досбаевтың қатысуымен интерактивті сессия өтті. Жиналыстың негізгі арқауы маңызды тақырып болды - жұмыс сапасына тікелей және жалпы компания қызметінің нәтижелеріне әсер ететін қызметкерлердің ортақтасуы.

Сессия интерактивті форматта өтті: қатысушылар сұрақтарға белсенді жауап беріп, ой бөлісті және дауыс берді.

Идеяларды құру кезінде Айдар Досбаев төрт ұяшықтан тұратын ортақтастыру матрицасын сызды. Олардың әрқайсысында қатысушылар қызметкердің ортақтасу дәрежесіне байланысты болатын жағдайларды атап өтті. Біріншіден, компания/жоба құратын корпоративтік дәстүрлер мен жұмыс жағдайлары. Екіншіден, желілік басшының мақсат қою және топтың жұмысын ұйымдастырудағы тәсілдемесі. Үшіншіден, ұжымдық қарым-қатынас, өзара көмек және ұжымдық рух. Мұның бәрі, сайып келгенде, қызметкердің жұмысқа қатысуына және өзіне жүктелген міндеттерді адал орындауына әсер етеді. Матрицаның басты идеясы - қызметкерлердің жұмысқа толықтай ортақтасу жағдайларына тікелей әсер ететін үш компонентті құраушыны көрсету.

Кестені толтыру кезінде қызметкерлердің жұмысқа қатысу тұжырымдамасында түрлі компоненттердің үлкен саны бар екендігі белгілі болды.

Ұйым тарапынан қатысушылар ыңғайлы жұмыс жағдайлары, корпоративті мәдениеттің жоғары деңгейі, қолайлы сыртқы имидж және жалақының әділ жүйесі сияқты факторлардың маңыздылығын атады.



Бұл жерде пейіл мен сенім атмосферасын сақтай отырып, бастамаларды ынталандыратын және келешегі бар қызметкерлер үшін өсу жағдайларын жасай алатын, рөлдік үлгі және тәжірибелі тәлімгер ретінде қызмет ететін желілік басшының да рөлі маңызды. Тағы да бір маңызды компонент - желілік басшылардың рөлі және олардың ортақтастыру процесіне қатысуы. Дұрыс мінез-құлық үлгісін таңдау, тиімділік және басқару стилі - мұның бәрі қызметкерлердің ортақтасу деңгейіне тікелей әсер етеді.

Қызметкерлер арасындағы ымыра, араларындағы ұжымдық рух, мәдени өзгешіліктерді назарға алу, өзара сыйластық, бірін бірі қолдау және тартысты жағдайларды шешуге деген ұмтылыс үлкен рөл атқарады. Соңында, қызметкердің өз таңдауы. Оның жұмысқа деген қызығушылығы, проактивтілік, ұйымдастырушылық пен бейілдік үйлесімі. Жиналысқа қатысушылар жұмысқа тартылған қызметкер, олар-

дың пікірінше, жұмысқа деген қызығушылық, әдептілік, адалдық міндеттерін түсініп және басымдықтарды қоя білу сияқты қасиеттерге ие болуы керектігін атап өтті.

Отырыстың екінші жартысында ККЖ-ҰЕҚБЖ қызметкерлері бүгінде жобаға тартылған қызметкерлердің дәрежесін анықтауға қажет барлық параметрлер бойынша дауыс берді.

Дауыс беру нәтижелері бойынша ынталандыру процесі (қызметкерлердің маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру) маңызды рөл атқаратыны белгілі болды. Олардың негізінде өзара ортақтасу мен адалдық қалыптасады. Басқаша айтқанда, егер қызметкер «жетістікке жету үшін» - өзінің кәсіби дамуы мен өзін-өзі жүзеге асырудың перспективті жағдайларын көретін болса, ол міндетті түрде жұмысқа ортақтасады.

Айдар Досбаев сонымен қатар түрлі компаниялардың қызметкерлерін өз міндеттерін тиімді орындауға ынталандыратын қолайлы

жағдайлар жасау мысалдарын келтірді.

Жиналыс соңында Айдар Досбаев бәсекелік артықшылыққа ие болуға көмектескен өзінің тәжірибесі туралы айтты. Процесті түсіну, проактивтілік және ортақтасу іс-әрекеттердің пайдасына саналы түрде таңдау қаншалықты маңызды екені туралы айтты.

«Сіздің ортақтасуыңыз компания үшін қажет, бірақ ол алдымен өзіңіз үшін маңызды. Ертеңгі күннің сапасы толығымен сіздің бүгін қалай әрекет ететініңізге байланысты. Егер сіздердің әрқайсыларыңыз өз істеріңізбен шұғылданып, өздігінен білім алуға қызығушылық танытып, өз мүмкіндіктеріңізді кеңірек пайдаланатын болсаңыздар, онда сізде сенімділік пайда болады. Өйткені жинақталған сапалы тәжірибе - келесі кәсіби даму сатыдағы таңдауыңызды жақсартуға мүмкіндік беретін басты капитал» деп қорытындылады өз сөзін Досбаев мырза.

Қатысушылардың пікірлері:

**Самал Оразғалиева**, ККЖ-ҰЕҚБЖ-ның біліктілікті дамыту бойынша үйлестірушісі:

– Жалпы, маған ортақтастыру бойынша өткізілген шара өте ұнады, лектор мен басқа да қатысушылардың пікірлерін тыңдау және пікірталастарға қатысу өте қызықты болды. Мен «Ортақтастыру» терминімен бірнеше жылдан бері таныспын. «Ортақтастыру» – бұл ISO 9001 халықаралық сапа стандарты қағидаларының бірі. Кешегі жиналыста сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) бірнеше қағидастары жарияланды – бұл көшбасшылық пен жетекшілік, қарым-қатынасты басқару, қызметкерлерді ортақтастыру және басқалар. Менеджменттің бұл процеске қызығушылық танытып қана қоймай, сонымен қатар жоба бойынша сапа менеджменті жүйесінің қағидастарын қолдайтындығы маңызды және қуанышты.

**Асхат Ерғалиев**, ККЖ-ҰЕҚБЖ-ның қазақстандық қамтуды дамыту тобының нарықты зерттеу жөніндегі үйлестірушісі:

– Шараның біз үшін берері мол болды. Өзге департамент өкілдерінің интеграция, жұмысқа оңды жағдай туғызу, оңтайлы жұмыс процесін қалыптастыру төңірегіндегі пікір-сайысқа белсене қатысуы айтарлықтай әсер қалдырды. Мен үшін, корпоративтік ортақтастыру компания өміріне белсене қатысу, жаңа мүмкіндіктерді іздеп табу, жобалардың жүзеге асуын көру. Бөлімдер, жалпы ұжым мүшелері қоян-қолтық жұмыс істесе, сол ортақтасу! Сондай -ақ, ортақтасу таңдау құқығы еркіндігі, жұмыс процесі, жалпы оңтайландыру бойынша өз пікіріңді еркін айту құқығы деп білемін.



## KAZENERGY



## Қазақстанның энергетика апталығы

Үстіміздегі жылдың 23-27 қыркүйегінде Нұр – Сұлтан қаласында KAZENERGY ассоциациясының ұйымдастыруымен Қазақстанның энергетика апталығы өтті. Апта кезінде түрлі бағытта іс-шаралар ұйымдастырылып, дүние жүзінің энергетика, мұнай және энергетика саласының өкілдері сөз сөйлеп, энергетика саласындағы қол жеткізген жетістіктермен бірге өзекті проблемаларды талқылауға мүмкіндік алды.

Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған конференцияда ТШО-ның бас директоры Имер Боннер сөз сөйлеп, Қазақстан мұнай өнеркәсібінің 120 жылдағы ерен табысын, соның ішінде Теңішевройлдың жылдық мұнай өндіру көлемінің арада өткен ширек ғасырда 1 млн-нан 28,6 млн тоннаға жеткендігін, қазір кәсіпорын Қазақстан мұнай өндірісінің шамамен 35% құрап отырғанын атап өтті.

Республикада цифрлық технологияға көшу кең қанат жаюда. Осы ретте, энергетика апталығын ұйымдастырушылар цифрлық интерактивті көрме өткізді. Көрмеге өз стендлерімен атап айтқанда ҚазМұнайГаз, Қарашығанақ, NCOS, Каспий құбыр Консорциумы, ҚазМұнайГаз Интернешнал, ТШО сияқты компаниялармен қатар, көптеген кәсіпорындар қатысты.

Көрменің ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

А.Ұ. Мамин, KAZENERGY ассоциациясының төрағасы Т. А. Құлыбаев, ҚМГ ұлттық компаниясының басқарма төрағасы А. С. Айдарбаев қатысты. Қонақтар ТШО стендісіне ерекше назар аударды. Цифрлық энергетикаға бет бұрған ТШО, осы жолы VR-көзілдіріктері арқылы кәсіпорынның өндірістік нысандарын аралап көруге мүмкіндік алды. Апталық кезінде көрмеге келген әрбір адам ТШО стендісіне мойын бұрып, Теңіз кенішіндегі Екінші буын зауытын, Келешек Кеңею Жобасы шеңберіндегі үшінші буын зауытының құрылыс аландарын



«аралап көрді». Келушілер өз нысандарын «аралап көруге» мүмкіндік берген кәсіпорын ұжымына ризашылықтарын білдіріп жатты.

Апталық шеңберінде SPE симпозиумы, KAZENERGY XI

Жастар, KAZENERGY әйелдер энергетикалық клубының форумдары өтті. Ток-шоу түрінде ұйымдастырылған әйелдер энергетикалық клубының пленарлық сессиясына ТШО атынан ККЖ-ҰЕҚБЖ жоба-

сының Оңтүстік Кореядағы құрылыс модулі өндірістік тобы басшысының орынбасары Зайгүл Досалиева қатысты. Онда бизнестегі, соның ішінде энергетика саласындағы әйелдердің ролі, мансап жолымен

көтерілу үшін не керек, әйелдердің ерлермен салыстырғандағы еңбек ақысы сияқты тақырыптар қозғалды.

Бір аптаға созылған KAZENERGY Форумы қатысушыларға қанат бітіріп, алғы күнге жігерлендіре түсті.

ТШО-ның үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің, Келешек Кеңею жобасының, жергілікті нарықты дамыту, ақпараттық технологиялар бөлімдерінің қызметкерлері Қазақстан Республикасы үшін маңызы зор KAZENERGY апталығында бір кісідей қызмет атқарып, өздерінің шынында да «Бірегей ТШО» өкілі екендіктерін көрсетті.

**Бақытгүл Халел,**  
үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің қызметкері.





## Машина жасау – Қазақстанды индустрияландыру драйвері

Жақында Нұр-Сұлтан қаласында өткен машина жасаушылардың VII форумы осылай аталды. Форумды ҚР индустрия және инфрақұрылым Министрлігі, Қазақстан үкіметі қолдауымен машина жасаушылар Одағы және «Атамекен» Қазақстан кәсіпкерлері Ұлттық палатасы ұйымдастырды.

Форумды машина жасаушылар Одағының басқарма төрағасы Мейрам Пішембаев кіріспе сөзбен ашты.

Форум жұмысына ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Жеңіс Қасымбек, Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрі Роман Скляр, Еуразия экономикалық комиссиясының өнеркәсіп және агроқөпестен жөніндегі коллегия (министр) мүшесі Александр Суббтин, ҚР Президентінің көмекшісі Мәулен Әшімбаев және басқалар қатысты.

Форумның пленарлық мәжілісіне мыңнан аса делегат, қазақстандық және шетелдік ірі кәсіпорындардың, машина жасау кәсіпорындарының жетекшілері, даму институттарының, бизнес ассоциациялар мен машина құрылысы өнімдерін ірі тұтынушылардың өкілдері қатысты.

«Жалпы Қазақстан-

ның шеттен әкелінген 13 млрд шамасындағы өнімдер көлемінің 39 пайызын машина құрылысының импорттық өнімдері құрайды. Импорттық өнімдерді отандық өнімдерге анағұрлым көп алмастырған сайын, жұмыс орындары көптеп ашылып, ел экономикасына құйылар қаржы да еселене түседі. Жыл сайын шамамен «БРК-Лизинг» АҚ арқылы жабдықтар лизингіне бөлінген 50 млрд теңге көлеміндегі

қаржы екінші деңгейлі банктер «Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қоры» АҚ бағдарламасымен машина жасау кәсіпорындарына займ бойынша субсидия бөлуді жоспарлап отыр», — деп атап өтті машина жасаушылар Одағының басқарма төрағасы Мейрам Пішембаев.

Форумда бүгінгі күннің өзекті мәселелері - уақыт талабына сай, саланы дамытудың стратегиялық бағыты, импорт алмастыру, өндірісті дамыту,



жас мамандар статусын арттыру, цифрландыру жағдайындағы жаңа талаптар сөз болды.

Форум жастар жылы шеңберінде өткендіктен, тәжірибелі мамандардың жастармен кездесуіне, робототехника конкурсы сияқты шараларға ерекше мән берілді. Басты назар отандық кәсіпорындар-

дың бәсекеге қабілеттілігін талқылауға, машина жасаудағы импорт алмастыруға, 4. 0 индустриясына көшуге аударылды.

Форумның пленарлық бөлімінің қортындысында ҚР индустрия және инфрақұрылым Министрі Роман Скляр сала майталмандарын «Құрметті машина жасаушы» төс белгісімен марапаттады.

Форум шеңберінде сала кәсіпорындары жетістіктерінің көрмесі, сондай-ақ, мұнайгаз, таукен, автомобиль және басқа да машина жасау салалары бойынша пікір талас алаңдары ұйымдастырылды.

Форумда «Теңізшевройл» ЖШС-нің отандық нарықты дамыту бөлімінің директоры Даниэль Жолдыбаев кәсіпорынның машина жасауды дамыту жөніндегі ақпаратымен бөлісіп, машина жасауды дамыту жол картасын жүзеге асыру бағытындағы жоспарларын айтып, машина жасау кәсіпорындарымен бірлескен жұмыс нәтижелерін сөз етті.

**Марат Дәулетияров,**  
қазақстандық қамту мәселелері бойынша кеңесші.



### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУ

## Теңіз кен орнының қажеттіліктеріне арналды

Мақсаты тамақтандыруды ұйымдастыру, нысандарды басқару және тасымалдау саласындағы қазақстандық қызметтер нарығының мүмкіндіктерін зерделеу және талқылау болып табылатын форумның жұмысына 40-қа жуық компания қатысты. Форумның ұйымдастырушысы - «Теңізшевройл» ЖШС.

Форумға ТШО-ның әлеуетті жеткізушілері базасында тіркелген сервистік кәсіпорындар мен тиісті қызметтерді көрсетуге қызығушылық танытқан компаниялар шақырылды. Іс-шараға ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдері қатысты.

Қатысушылар Теңіз кен орнында және Атырау қаласында көрсетілетін кейтерингтік, әкімшілік-пайдалану және көлік қызметтеріне деген ТШО-ның қазіргі және болашақтағы қажеттіліктерімен танысты. Спикерлердің айтуынша, қазіргі уақытта Теңіз кен орнының асханаларында күніне 30 мыңға жуық ыстық тамақ беріледі. Теңіз кен орнының асханаларында СанЕмН нормаларынан басқа GMP стандарттары, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін басқару жүйесінің ережелері және «Шеврон» корпорациясының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі жөніндегі стандарттары сақталады.

ТШО өкілдерінің айтуынша, әлеуетті қамтушылар



үшін, әкімшілік, шаруашылық және тұрғын үй нысандарына қызмет көрсету саласында да айтарлықтай мүмкіндіктер бар. Теңіз кен орнында қызметкерлерді кір жуу және клинингтік қызметтермен тиісті қамтамасыз ету, рекреациялық бағыттағы көптеген нысандарды қамту, оларды тұрмыстық

және шаруашылық жабдықтармен қолдау, сондай-ақ шығыс материалдарын жеткізу қажеттіліктері бар.

Бұдан әрі Теңіз кен орнына қажетті көліктік-жол қызметтеріне шолу жасалды. Компанияның мәліметтеріне сәйкес, ай сайынғы жолаушылар ағыны шамамен 270 мың адамды құрайды.

Жолаушылар тасымалынан басқа, Теңізде компанияның автопаркін басқару, жолдар мен ұшу-қону жолақтарын қардан тазалау және көлік құралдарына жөндеу-техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер де сұранысқа ие.

Форум «Теңізшевройл» ЖШС-мен ынтымақтастық үрдісін сипаттайтын презентациямен аяқталды. Әлеуетті жеткізушілер үшін ТШО-ның сыртқы сайтында қол жетімді SEOI деректер базасы бар. Өтініш беру және осы деректерге тіркелу барлық жеткізушілер үшін тегін. Форумнан кейін қатысушылар мен ұйымдастырушылар B2B сессияларында сөйлесіп, одан әрі ынтымақтастық үшін байланыс орнатуға мүмкіндік алды.

**Ерлан Ислямов,**  
үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі.



## ЦИФРЛАНДЫРУ



## ЦИФРЛЫҚ КИІЗ ҮЙ: Болашақ бүгіннен басталады

Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында қарым-қатынас немесе байланыс болғанда, өкілеттік берілген және цифрлық деңгейде тартылған бизнестің күші керемет өседі. Біз Microsoft, SAP, Oracle және басқалары сияқты АТ алыптарының жүйелері мен шешімдерін қарастырып отырмыз, олар кәсіпорындарға цифрлық трансформация бойынша өз бағыттарында қозғалуға, соның салдарынан операциялық тиімділіктің теңдесі жоқ деңгейін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Күллі әлемде цифрландыру трансформациясы қызықты болашаққа жол ашады. Біз неғұрлым интеллектуалды есептеулер жағына қарай ірі технологиялық прогрестің табалдырығында тұрмыз, демек таразының бір жағында деректер, хабаршылар мен бұлттар, жасанды интеллект, машиналық оқыту және аралас шындық мөлшері өсіп келеді.

Кәсіпорындардың алдында жұмысқа тарту және жұмысшыларды оқыту міндеттемелері бар, бірақ олардың көпшілігі автоматтандырыла

алмайды, сол себепті жаңа дағдыларды қажет етеді. Бұл шығармашылық дағдысы әрбір жеке қызметкердің өнертапқыштығын жақсарту ретінде маңызды болып табылады.

Инновациялық тиімділік деңгейі төмен ұйымдармен салыстырғанда, төмендегі талаптар неғұрлым жоғары деңгейде болып есептеледі:

- Деректер мен технологияны пайдалануда ең жақсы болу
- Цифрлық трансформацияның табысты болуы
- Жұмысшылардың алдына қойған мақсаттарға қол жеткізе білуі
- Тапсырыс берушілердің талаптарына сай болу
- Пайда әкелетін кәсіпорын болу

Ауқымды инновациялардың тиімділігін құру күш-жігерді талап етеді, яғни инноваторлар арасында байланысты орнату, оларды инновациялық идеяларды тандауға тарту және тәуекелдер үшін жауапкершілікті бөлу үшін көшбасшы-

ларды жабдықтау.

Идеяларды басқару - бұл болашақ өнімдерге кері байланысты қолдану мақсатында ішкі және сыртқы мүдделі тараптардан кері байланыс немесе идеялар алу қабілеті. Идеяларды басқару қарапайым, бірақ кәсіпорындар үшін өте маңызды процесс. Бұл процесс күрделі және қарапайым есептер үшін де қолданылуы мүмкін. Бірақ, басқа да көптеген процестер сияқты, барлық басқару деңгейлерінде басшылықтан қолдау бар кезде идеяларды басқару жақсы жұмыс істейді.

ТШО АТ тобы «Цифрлық киіз үй» бағдарламасының іске қосылғаны туралы қуана хабарлай отырып, оның мақсаты бөлімнің ішкі ресурстарын одан әрі жүзеге асыру арқылы қызметкерлердің идеяларын жинау болып табылады. Шеврон корпорациясында өткізілетін «Цифрлық Доджо» бәсекесінің баламасы бола отырып, біздің «Цифрлық киіз

үй» инновациялық идеялар мен ұсыныстарды жинауға арналған алаң болып табылады, сондай-ақ ол жерде үздік идеялар дауыс беру және сараптамалық бағалау және оларды іске асыру үшін мүмкіндіктер беру жолымен таңдалады.

«Цифрлық киіз үй» 1-ші сессиясының міндеттері – «PowerBI» платформасын автоматтандыру және экрандарда көрсету мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мониторинг панелі арқылы есептілікті жеңілдету және жақсарту. Ал, негізгі және маңызды мақсаты - бизнес-шешімдерді қабылдаудың үздік процесін қамтамасыз ету және ТШО-ның цифрлық трансформациясын қолдау үшін ішкі ОК құру және Power BI платформасын еркін иелену болып табылады.

Қосымша ақпарат алу үшін, төмендегі парақшамен танысуға шақырамыз:

[go.chevron.com/tcody](http://go.chevron.com/tcody)

**Ерке-Бұлан Өтегенов,**  
АТ жобалар менеджері.

## ТШО-дағы алғашқы цифрлық апта

Жақында ТШО-да алғашқы цифрлық апта өтті. Бұл барлық жұмысты өзгерту үшін технологияны қалай қолданатынымызға арналған мерекелік шара болды.

«Цифрлық аптаның аясында өткізілетін іс-шаралар біздің цифрлық дағдыларымызды жақсартуға арналған құралдар мен тәсілдерді ұсынады, олар бізге өзгеретін тәжірибеге бейімделуге көмектеседі», – деді ТШО бас директоры Имер Боннер. – Біз өз құндылықтарымызды ұсынып, жұмысымызды солай өзгертуге мүмкіндігіміз барына қуаныштымыз».

Цифрлық киосктер ТШО-ның бас кеңсесінде ұйымдастырылды. Онда келушілер деректерді өңдеу және талдау туралы ғылыммен, жасанды интеллект және роботтық процестерді автоматтандыру туралы, соның ішінде ТШО-ның цифрлық киіз үйдің икемді бағдарламасы туралы білді. Екінші күні серіктестермен, соның ішінде Samsung және Panasonic сияқты компаниялармен байланысқа

арналды. Олар қатысушыларды презентация және постер сессиялары кезінде цифрлық жұмыстың практикалық әдістерін таныстырды.

«Аталмыш цифрлық аптаға дейін ТШО-да цифрландыру тәжірибесінің артып келе жатқандығы туралы білетінмін, қазір оның ауқымы мен кеңдігін түсіндім», – деді қатысушылардың бірі. Киосктер осы тақырыпқа жаңадан келген адамдарға және көп тәжірибесі бар адамдарға да цифрлық әрекеттердің керемет жиынтығын ұсынды. Әркім өзі үшін жаңалық тапты».

«Цифрландыру күнделікті жұмысқа және бүкіл компания үшін шығындарды үнемдеуге көп пайда әкеледі. Бұл жаңа технологиялар ұсынатын, көбірек мүмкіндіктер беретін инновацияның динамикасына әкеледі. Цифрлық киіз үй – бұл ТШО АТ бөлімі іс-шарасы, оның мақсаты - компания қызметкерлері үшін инновациялық орта құру», – деді Фариза Нұржауова, ТШО цифрлық



киіз үй үйлестірушісі. – Мен компаниямыздың тарихындағы алғашқы цифрлық аптаны ұйымдастыруға және үйлестіруге көмектескеніме өте қуаныштымын».

Аптаның ортасында бизнесіміздің топтары әріптестерімізге өздерінің цифрлық жетістіктері мен сабақтары туралы мәлімет ұсынды. Сұрақтар мен пікірталастар ТШО-дағы цифрлық трансформацияға деген қызығушылықты білдіртті.

Аптаның қорытынды бөлігінде басты назар командалардан жеке тұлғаларға ауысты, өйткені цифрлық дағдыларын жетілдіруге қызығушылық танытқандар үшін шеберлік сыныптары өткізілді.

«ТШО-да цифрлық аптаның басталуын үйлестірген команда үшін өте қарбалас уақыт болды», – дейді цифрландыру және өнімділік жөніндегі сарапшы Әйгерім Рақымбаева. – Барлығымыздың жұдырықтай жұмылғанмыз –

қуантарлық жай болса, осы атсалысқан жұмысымыздың сәтті шыққаны тіпті керемет болды. Бір аптаның ішінде жұмысшылар көп идея ұсынғанын, сұрақтар қойғанын, сонымен қатар олар цифрлық трансформация кәсіпорынның жұмысына қаншалықты құнды болатынын білуге қызыққанына куә болдық».

**Тайт Саймон,**  
Шеврон корпорациясының жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУ

## Тиімді тренинг

Қазақстандық қамтуды дамыту тобы ТШО-ның барлық мердігерлеріне тоқсан сайын қазақстандық қамтуды есептеу әдістемесін оқыту сабағын өткізуді қайта бастады. Тре-

нингтер мердігерлердің тауарларда, жұмыстар мен қызметтерде қазақстандық қамтуды есептеу және бұл процестің құқықтық аспектілері туралы білімдерін толықтыру және ТШО-мен жұмыс жасауға қалай қатысатынын еске түсіру үшін өткізіледі. ТШО қызметкерлеріне бұл сабақ мамыр

айынан бастап, LMS жүйесінде қол жетімді.

ТШО-ның жергілікті нарықты дамыту департаменті келешек сессиялардың біріне Энергетика министрлігінің мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығының өкілдерін қазақстандық қамтуды есептеу әдістемесіндегі білім-

дерімен бөлісуге және біздің мердігерлеріміздің сұрақтарына жауап беруге шақыруды жоспарлап отыр. Осындай тренингтерді ұдайы өткізу мердігерлеріміздің қазақстандық қамту есептерін әзірлеуге көмектесетін болады.

**ТШО-ның қазақстандық қамтуды дамыту тобы.**



## ӨНДІРІСТІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ



## «Microsoft Teams» – ұжым жұмысын жеңілдетеді

«Microsoft» корпорациясы 2016 жылы «Microsoft Teams» платформасын қолданысқа енгізді. Платформа барлық жұмыс топтарының дерлік сұраныстарын қанағаттандыра отырып, бірден бірнеше бағытты қамтиды, атап айтқанда хат жазысуға, бейнеконференциялар жүргізуге, бірлесіп құжаттармен жұмыс істеуге, бұлтты сақтауға және тағысын тағыларға мүмкіндік береді.

2018 жылы «Microsoft» корпорациясы Teams-тың кез келген адам жүктей алатын ақысыз нұсқасын жариялады. Қазіргі таңда Teams-ты ең қызықты әрі бірігуге оңтайлы өнімдердің бірі деуге болады. Бұған төмендегідей себептер негіз болды:

### I. Ыңғайлы байланыс

Чатқа 300 адамға дейін қосуға болады, бұл тіпті бірнеше шағын филиалы бар орташа компанияның сұранысын артығымен қанағаттандырады. Ақысыз бәсекелік өнімдерге қарағанда, хабарламалар саны мен хабарламаларды іздестіру мүмкіндігі шектелмеген.

Әдеттегі жалпыға ортақ және жеке-леген чаттардан бөлек, пайдаланушылар үшін тікелей қатысумен өтетін үйреншікті жиналыстарды оңайлықпен алмастыра алатын жеке және топтық аудио және бейне қоңыраулар қолжетімді.

Ақылы нұсқасында, жоғарыда айтылғандарға қосымша, кең ауқымды бейне конференциялар өткізуге, түсініктемелер мен ескертпелер үшін жиналыстың қатысушыларына және өткізіп алғандарға «Microsoft Whiteboard»

сандық тақтасын пайдалануға мүмкіндік беретін видеонь интеллектуалдық функциялары және жиналыстарды жоспарлау қолжетімді. Сонымен қатар кескіннің сапасы мен өлшемін өзгертетін «Intelligent Capture» технологиясы бар, сондықтан нашар байланыс жағдайында да жиналысқа қатысушылар үшін сапасы жақсы кескін қолжетімді болады.

### II. Деректер қоймасы

Ақысыз нұсқада топқа ортақ 10Гб және әрбір мүшесіне бөлек 2Гб жад көлемі қолжетімді. Бұл көлем топтың қазіргі ортақ пайдаланылатын файлдарымен жұмыс істеу үшін әбден жеткілікті.

Ақылы нұсқада жад көлемі артып, түрлі жоспарларда 1Тб-дан асады.

### III. «Office Online» қолданбалы бағдарламаларының қолжетімділігі

Microsoft Teams-та үйреншікті кеңсе бағдарламаларының барлығы (Excel, Word, Power Point, Outlook және OneNote) енді веб-нұсқада қолжетімді. Бұл дегеніміз - аталмыш қолданбалы бағдарламаларда бірлесіп құжаттармен жұмыс істеу, оларды компьютерлеріне қондырмаған топ мүшелері үшін де, анағұрлым оңай әрі ыңғайлы болады.

### IV. Өзге сервиспен бірігу мүмкіндігі

Барлығын айтып өтудің қажеті жоқ, дегенмен «Adobe» сияқты кеңінен қолданылатын сервиспен, сондай-ақ «Trello» және «Eventnote» сервистерімен бірігу мүмкіндігін айтып өткен жөн.

Әрине, ақылы нұсқада бірігетін



қолданбалы бағдарламалардың саны артады.

### V. Қауіпсіздік

Деректеріңізді сақтау және табыстаудың барлық сатыларында тиісті қауіпсіздік қамтамасыз етіледі.

Қызметі бойынша АТ инфрақұрылымын толықтай бақылауды қажет ететін компанияларды қауіпсіздік тұрғысынан қолданбалының ақылы нұсқасы қызықтырады.

Байқағаныңыздай, «Microsoft» корпорациясы уақыт өте келе үйреншікті Skype-тың орнын баса алатын жаңа өнім шығарды. Әрине, әртүрлі мақсатқа арналған өнімдерді салыстыруға болмайды. Өйткені Skype тілдесу және файлдармен алмасу үшін шығарылған, ал Teams, осы функциялардан басқа, бірлесіп контентпен жұмыс істеу және өзге қолданбалы бағдарламалармен бірігу мүмкіндігін ұсынады. Айта кететін жайт, MS Teams, Skype-қа қарағанда, толықтай бұлтпен жұмыс істейді және осы себепті де хаттар мен құжаттарға кез келген тасымалдағыш құралдан оңай қол жеткізуге болады. Дегенмен, есте сақтаған жөн, әзірше MS Teams топ ішінде ұдайы тілдесу және жобалар бойынша топтық жұмыс жүргізу үшін жақсы болса, Skype

көбіне, әдет бойынша, жеке қоңыраулар шалу және тілдесу үшін пайдаланылады, сондықтан таяудағы жылдары, «Microsoft» корпорациясы жоспарлағандай, Teams жұмыс бабымен байланысуға арналған озық өнімдердің біріне айналады деп күтілуде.

Сайып келгенде, «Microsoft Teams» қолданбасын бірнеше себеппен, тіпті «MS Office» бағдарламалық жасақтама-сын ұнатпайтындар немесе Windows-тың соңғы нұсқаларын тым күрделі деп санайтындар үшін, байқап көруге тұрарлық нарықтағы ең үздік ұсыныстардың бірі деуге болады.

Біріншіден, онда жұмыс тобының бірлесіп, сапалы жұмыс істеуі үшін қажетті функциялардың барлығы бар.

Екіншіден, MS Teams-ты кез келген құралдан пайдалану ыңғайлы – әрбір операциялық жүйенің функционалы бірдей қолданбалы бағдарламасы бар, яғни әртүрлі құралдарды пайдаланушылар арасында мүдделер қайшылығы туындамайды.

Үшіншіден, түрлі бірігу мүмкіндіктері жобамен жұмыс істеу барысында бір-бірімен байланысы жоқ ондаған бағдарламалар мен қолданбаларды үнемі пайдалану қажеттілігімен байланысты мәселені шешеді.

Және, ең бастысы - MS Teams топ ішінде тілдесу үшін өте ыңғайлы, атап айтқанда, ақысыз бәсекелік сервистердің ешқайсысында қарастырылмаған, белгілі бір қызметкерлермен хабарлама алмасуды бұғақтау мүмкіндігі бар.

Қазіргі таңда Teams-ты жарты миллионнан астам компания пайдалануда. Демек, «Microsoft» өнімі еңболмаса пайдаланып көруге тұрады.

Камшат Жұмағұлова.

## ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

## Өндірісте елеусіз нәрсе жоқ

ККЖ/ҰЕҚБЖ-ның барлық нысандарында өндірістегі жұмысты қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыруға ерекше мән беріледі. Бұндағы мақсат-жобаға қатысушы әр адамның өмірі мен денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстарды жоспарлауды дамыту және озық тәжірибелерді енгізу. Осыған орай, біз өндірісті қауіпсіз жүргізу сапасын бақылау жөніндегі маман Әсет Әміровті сөзге тарттық.

### – Әсет, қауіпсіздік техникасы саласын қалай тандағаныңызды айтып берсеңіз.

– 2005 жылы ЕБЗ жобасы шеңберіндегі қосалқы мердігер компанияда қауіпсіздік техникасы бойынша еңбек жолымды бастағанда, өзімнің қауіпсіздік техникасы бойынша білімімнің қаншалықты шектеулі екенін түсіндім.

Алғашқы екі аптаны компаниядағы жұмыстар мен мамандықтарға қатысты қолданылатын нұсқаулықтарды, процестерді және процедураларды оқумен өткіздім. Бұл мен үшін белгілі бір сынақ болды, және мен одан өттім.



Екі айдан кейін, «Қауіпсіз еңбек мәдениетін» енгізуді жалғастыра отырып, қауіпсіздік техникасы бөлімін басқару ұсынылды. Ол кезде біз, жас мамандар тәжірибе жинақтап, білімдерімізді жетілдіре түскен едік.

### – ККЖ/ҰЕҚБЖ-да қалай жұмыс істей бастадыңыз?

– 2017 жылы мен «Уақытша құрылыс нысандары» жобасында қауіпсіздік техникасы маманы ретінде

қызмет ете бастадым, бір жылдан кейін «Модульдерді біріктіру» жобасына ауыстым, әлі күнге дейін сонда жұмыс істеймін.

### – «Теңішевройл» компаниясы өндірістегі қауіпсіздік мәселелеріне үлкен мән береді. Ол неліктен маңызды екенін айтып берсеңіз.

– ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасының барлық нысандарында қауіпсіз жұмыс процесін ұйымдастыруға жіті назар аударылатыны баршаға мәлім.

Алайда, ең негізгісі-жұмысты жоспарлаудың ең үздік әдістерін қалыптастыру, дамыту және қолданысқа енгізу арқылы жобаға жұмылдырылған әрбір адамның өмірі мен денсаулығын сақтау. Қазіргі таңда, ККЖ жобасының әрбір қызметкері өндіріс орнында қауіпсіз жұмыс мәдениетінің деңгейін арттыратын әдістерді қолданады, олар аталған әдістерді болашақта басқа жобаларда, қалаларда және елдерде қолданып, өз тәжірибелерімен бөлісетін болады. Осыншама маңызды іске қатыстылығыңды және сенің тәжірибенің әлемнің басқа бір шетіндегі адамға пайдаға асуы мүмкін екендігін сезінудің өзі үлкен жауапкершілік жүктейді.

### – Күнделікті жұмыс барысында қандай кедергілер мен тәуекелдерді көресіз, олар қаншалықты маңызды және өсеруге келеді ме?

– Көп адамдар «Қауіпсіздік бірінші

орында» ұғымын қате түсінеді. Қауіпсіздік жеке нәрсе емес, ол біртұтас жұмыс жүргізу процесінің үздіксіз элементі. Осының өзі қауіпсіз жұмыс мәдениетінің негізі болып табылады.

Біз күн сайын жаңа адамдармен кездесеміз және жұмыс алаңдарында жаңа нәрселерді көреміз. Кейде адамдар қателеседі, осы орайда «бұзушылармен» емес, «бұзушылықтармен», олардың себептерімен күресу керек екендігін есте сақтаған жөн.

Мәселенің түпкі тамырын анықтап, барлық тәуекелдерді тани отырып, біз ұсыныстар әзірлейміз және оларды жұмысты қауіпсіз жүргізу процесіне енгізуге көмектесеміз.

Ақыр аяғында, атқаратын жұмысымыз адамдармен байланысты: олардың көшбасшылық дағдыларын дамыту; басқа алаңдардағы, өзге елдерден келген әріптестермен танысуы, өзара тәжірибелерімен бөлісу мүмкіндігі. Осының бәрі қауіпсіз жұмыс мәдениетін қалыптастырады және бізге «келешекке көз тастауға», өз қызметіміздің ұзақ мерзімді перспективасын көруге мүмкіндік береді.

К. Жұмағұлова, үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің ККЖ-ҰЕҚБЖ ішкі коммуникациялар бойынша кеңесшісі.



## Кәсіпорын зейнеткерлеріне құрмет

«Теңізшевройл» ЖШС қашан да зейнеткерлеріне ерекше құрметпен қарайды. Биылғы құрмет жылдағыдан ерекше болды десек, артық айтқандық болмас. Қазақстан мұнай өнеркәсібінің локомотивіне айналған алып кеніштің бастауында ғана емес, оның қаз басып, қалыптасу, даму жолында кәсіпорын есебіндегі 246 зейнеткердің болғаны және олардың зор үлес қосқаны ақиқат.

Осынау мерейтоймен тұспа-тұс келген мұнайшылар күнінде Атырау қаласындағы «Сұлтан-Палас» мейрамханасында болған зейнеткерлерді қабылдауда сөз алған жобалау жөніндегі бас менеджер Кевин Каснер мен құқықтық қамту департаментінің бас менеджері Әсет Құрманбаев әрбір зейнеткердің кәсіп-орын тарихындағы еңбегінің өлшеусіз екендігіне тоқталып, оларға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр

тіледі. Басқосуда кәсіпорын зейнеткерлерінің бәрі де басшылық ұйғарымымен «Қазақстан мұнайына -120 жыл» мерекелік медалымен марапатталғаны жария етілді. Бір-бірімен сағына қауышқан кешегі әріптестердің, бүгінгі зейнеткерлердің ажарын Қазақстан Энергетика министрі Қанат Бозымбаевтың қолы қойылған салмақты медаль аша түсті.

– Мен «Теңізшевройл» кәсіпорнына 1993 жылдың 6 сәуірінде қабылданған екенмін. Былайша айтқанда, еңбек өтілім бойынша, кәсіпорынның құрдасымын. Саналы ғұмырымның 26 жылы ТШО қабырғасында өтті. Осыдан бір ай бұрын зейнеткерлікке шыққан мен үшін, мерекелік медаль тосын сый болды. Кәсіпорын бізге бәрін берді, ауырсақ, денсаулығымызды нығайтуға септігін тигізді, үй-жайымызды жаңартуға,



балаларымыздың жоғары білім алуына қаржылай қолдау көрсетті. Әлі де көмегін беріп жатыр. Зейнеткер ретінде жылына екі рет қомақты сыйақы алады екенбіз. Тіпті зейнеткерлердің мерейтойларын да ұмытпауда, -деп ағынан жарылды кешегі кәсіподақ белсендісі, өндірісті техникалық қамту бөлімінің қызметкері Расымхан Матенов.

Р. Матеновтың жүрекжарды пікірін зейнеткерлер Талғат Букаев, Тұрсынбай Бахтияров-

тар да жалғастырып, ТШО басшылығына зейнеткерлерге деген осынау құрмет пен ыстық ықылас үшін шынайы алғыстарын білдірді.

– ТШО зейнеткерлерінің саны жыл өткен сайын өсе түсуде. Былтыр есепте 225 зейнеткер болса, биыл олардың саны 246-ға жетті. Жылына екі рет Наурыз мейрамы мен мұнайшылардың кәсіби мерекесі қарсаңында зейнеткерлерге кәсіпорын тарапынан қомақты сыйақы беріледі. Әрі

барша зейнеткерлерді қонаққа шақырып, осылай арнайы құрметімізді көрсетіміз. Бұндай қабылдау Жылыой ауданында тұратын зейнеткерлер үшін Құлсары қаласында да ұйымдастырылады. Мерейтой иелеріне басшылық атынан арнайы сыйлық пен адресат хат тапсырылады. Бұл біздің кәсіпорынның қаз басып, қалыптасу тарихында өшпес ізі бар ардагерлерімізге деген құрмет болып табылады, -дейді кәсіпорынның адам ресурстары басқармасының әлеуметтік мәселелер бойынша топ менеджері Нұргүл Өтеева.

... Иә, алды тоқсанға иек артып, соңы енді ғана зейнет жасына жеткен ардагерлер бір-бірімен қуана қауышып, өздері ұзақ жыл еңбек еткен ұжымның тыныс-тіршілігін, қол жеткен жетістігін кәсіпорын басшыларынан тікелей естіп, мәз болысты. Серік Биғамбаев бастаған жергілікті өнерпаздардың сазды әуеніне мың бұрала билеп, емен-жарқын дидактасқан олар бір-бірімен қимай қоштасып жатты...

**С. Шектібайқызы.**

## ӘЛЕУМЕТТІК-ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

### ЕРЕКШЕ ЖОБАЛАР маңғыстаулық белсенділер күшімен іске қосылды

Маңғыстау облысында МККЖ-ҰЕҚБЖ жобасының әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы аясында Орталық Азияның Еуразия Қорының бастамасымен жүзеге асырылған және жергілікті тұрғындарға ұнап үлгерген «Қоғамдық орындар» жобасы Форт-Шевченко қаласы мен Баутин және Боранқұл ауылдарында өз қызметінің алғашқы жылын аяқтады. Тамыз айында Маңғыстау облысында 2019 жылы жүзеге асырылған 10 шағын жобадан қалған төрт жоба салтанатты жағдайда ашылды.

Баутин ауылының орталығындағы «Ана мен бала бөлмесі» жобасын жергілікті емхана ұжымы және белсенді жас аналар мен жүкті әйелдер жүзеге асырды. Ауыл тарихындағы алғашқы орталық жас аналар мен жүкті әйелдерге есігін айқара ашты. Олар бұрын Ақтауға барып, қаралатын.

Салтанатты шараға Түпқараған ауданы әкімінің орынбасары Талғат Алтынғалиев, ішкі саясат бөлімінің басшысы Досан Жеткізген және денсаулық сақтау бөлімінің басшысы Гүлшат Шалабаева қатысты. Салтанатқа қатысқан барлық қонақтар бір ауыздан Қазақстанның болашақ

ұрпағының денсаулығы үшін осындай орталық ашудың маңыздылығын атап өтті.

Сол күні екінші жоба – Форт-Шевченко қаласындағы «Жастар аллеясы» жобасы салтанатты түрде ашылды. Оны жергілікті белсенді жастар мен қала тұрғындары жүзеге асырды. Енді қалада бос уақытты өткізуге, серуендеуге және отбасымен демалуға болатын қоғамдық орын бар.

«Қазіргі жастар өте талантты, инновациялық идеяларды құруға және сындарлы жобалар мен ұсыныстарды алға тартуға қабілетті. Осы ретте, біз Форт-Шевченко қаласы жастарының әлеуетін жергілікті халықтың игілігіне пайдаланудың айқын мысалын көріп отырмыз. Нысанның ашылуында жастарымыздың сіңірген еңбегі зор», – деді «Теңізшевройл» кәсіпорнының үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері Рзабек Артығалиев.

Аллеяның ашылу рәсімінен кейін, ТШО өкілдері Түпқараған ауданы әкімінің орынбасары Талғат Алтынғалиевпен, ішкі саясат бөлімінің басшысы Досан Жеткізгенмен және Форт-Шевченко қаласы әкімі Әсер Тоқтағанмен бірге жастар аллеясына алғашқы



ағаштарды отырғызды.

23 тамызда Боранқұл ауылында да 2 жоба жүзеге асты. «Мектебім – менің мекенім» жобасын Қарақұм орта мектебінің ұжымы дайындаған болатын. Ата-аналар, мұғалімдер, жалпы мектеп ұжымы балаларға ыңғайлы болу үшін мектеп алаңына аяқжол төсеу үшін күш біріктірді. «Біз керемет жұмыс атқардық. Мектебімізде жаяу жүргіншіге арналған жол дайын. ТШО-ға тренингтер мен семинарлар, гранттар, әлеуметтік жобалар идеялары үшін көп рахмет. Болашақта компанияның берген білімі мен тәжірибелік сабақтарын пайдалана отырып, жобаларды өз күшімізбен жоспарлай аламыз және оны жүзеге асырудың жолын білеміз», – деді шағын жобаның жетекшісі Қарасай Нұрлыбай.

«Саламатты ұрпақ – мемлекеттің табысты болашағы»

жобасын Боранқұл орта мектебінің ұжымы жобалап, жүзеге асырды. Бұл жобаның бірегейлігі сол, үш мәселе бірден шешілді. Енді Боранқұл мектебінің оқушылары таза ауыз сумен қамтамасыз етіліп, алғашқы әскери дайындықпен айналысуға және экология пәні сабақтарын таза ауада өткізуге мүмкіндік алды.

Шағын жобалардың бірегейлігі сол – жергілікті тұрғындардың өздері елді мекендердің мәселелерін анықтап, шешімін табуға, бастамашыл топтар құрып, өз қауымдастықтарында қоғамдық нысандар салуында болып отыр.

Бір жылдық жұмыс қорытындыланды, ең бастысы басты мақсат орындалды! Кіші жобалардың барлығы уақытылы аяқталды және бәрі де жергілікті халықтың қатысуымен өтті. Қатысушыларды бастамашыл топтар, жергілікті билік және жоба көшбасшы-

лары ынталандырып, оларға бағыт беріп отырды. Қатысушылар салған әрбір нысан тұрғындар игілігіне пайдаланылуда.

Орталық Азия Еуразия Қорының «Қоғамдық орындар» жобасының менеджері Алма Шолпанқұлова: «Бәрінен бұрын Форт-Шевченкодағы «Жастар аллеясы» жобасын атап өткім келеді. Жобаға бүкіл ауыл болып атсалысты, олардың арасында жастар, жергілікті кәсіпкерлер, ардагерлер, сарбаздар, әкімдер мен еріктілер бар. Жоба барысында кейбір қиындықтар да туындады, бірақ халық оларды жергілікті әкімдікпен бірлесе шешті. Мысалы, әкімдік су бұрқакты қалпына келтіруді толықтай өз мойнына алды. Әкімдік бұл жобаға су бұрқақ үшін қозғалтқыш сатып алуға, шырша көшеттерін отырғызуға 500 000 теңгеден астам қаржы салды. Ал жергілікті кәсіпкерлер бетон мен құмға қаражат бөлді. Нәтижесінде нағыз қалалық аллея пайда болды және тұрғындар оның құрылысын аяқтауды және оны әрі қарай көркейтуді жоспарлауда» деді.

Жобаның тағы бір жылы артта қалды, енді жаңа идеялармен қанаттанған елді мекендердің тұрғындары өздері мен қоғамдастықтары үшін тағы не істей алатындықтарын талқылауда.

**Марина Фахрутдинова,**  
 үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің ККЖ-ҰЕҚБЖ бойынша кеңесшісі.



## «ИГІЛІК» БАҒДАРЛАМАСЫ

### Жұлдызда жаңа мектеп

Биылғы жаңа оқу жылында «Теңізшевройл» ЖШС өзінің «Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасы арқылы балаларға үлкен базарлық жасады. Атырау қаласындағы Жұлдыз ықшам ауданынан 624 орындық мектеп құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Мектептің ашылу салтанатына қатысқан Атырау қаласы әкімі Әлімұхаммед Құттымұратұлы Білім күніне қатысқан күллі ұстаздар қауымына, оқушылар мен ата-аналарға жаңа оқу жылында сәттілік тіледі.

– Осы уақытқа дейін қаланың шет аймағына орналасқан Жұлдыз ықшам ауданының балалары көрші ауылдағы мектепке қатынап оқуға мәжбүр болды. Бүгін сол оқшылықтың орнын облыстың әлеуметтік инфрақұрылымының дамуына



небір жобаларымен «Теңізшевройл» кәсіпорны толтырып отыр. Сіздердің аттарыңыздан кәсіпорын басшылығына шынайы алғысымызды жеткізіміз келеді, – деді ол.

Ал, «Теңізшевройл» кәсіпорнының үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері Рзабек Артығалиев:

– Атырау облысы әкімінің қолдауымен, «Теңізшевройл» кәсіпорнының демеушілігімен салынған заманауи ғимарат Сіздердің игіліктеріңізге беріліп отыр,

– деді. – 624 орындық мектептің заманауи техникалармен жабдықталған оқу кабинеттері, спорт залдары мен алаңдары, әскери дайындық, табиғат аясында оқушылардың білімдерін жетілдіруге септігін тигізетін учаскелері мен асханасы бар. Бүгінгі мүмкіндікті пайдалана отырып, осындай жобаны жүзеге асырғаны үшін жоба авторы «Атырауқұрылысжоба» серіктестігіне, мердігер ұйым – «ДСУ Кастадорға» және техникалық бақылаушы «Даму» серіктестігіне алғысымызды білдіремін.



Мектеп жылдық бюджет қоры 25 миллион АҚШ долларын құрайтын ТШО-ның ерікті «Игілік» әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасы аясында салынды.

«Теңізшевройл» кәсіпорны құрылғаннан бергі жиырма алты жылдан астам уақытта «Игілік» және басқа да бағдарламалар арқылы Атырау облысындағы көптеген әлеуметтік бағдарламаларға 1,8 миллиард АҚШ долларынан астам қаражат жұмсады. Жобалар Атырау облысының әкімдігімен біріккен жұмыс нәтижесінде

тандалып алынууда, олардың қатарында мектептер, ауруханалар, емханалар мен электр тарату торабы мен су құбырлары жүйесінің құрылыстары бар.

Жұлдыз ауылындағы бұл мектеп кәсіпорынның «Игілік» бағдарламасы арқылы жүзеге асырған 92-ші жобасы!

«Игіліктің» игі нысаны балаларымыздың болашағына қызмет етсін! Мектеп еліміздің болашағы-жас өрннің құтты мекені болғай!

**С. Шектібайқызы.**

### Жылыойға – реанимобиль

Жақында «Теңізшевройл» ЖШС-нің (ТШО) үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері Рзабек Артығалиев Жылыой аудандық орталық ауруханасына салтанатты түрде реанимобиль автокөлігін сыйға тартты. Аудандық аурухана ұжымы мен қала жұртшылығының өкілдері қатысқан салтанатта Жылыой ауданының әкімі Азамат Бекет сөйлеп, аудан халқы атынан кәсіпорын ұжымына шынайы ризашылығын білдірді.

«Теңізшевройл» кәсіпорны құрылғаннан бергі арада өткен ширек ғасырдан астам уақытта ауданның медициналық мекемелерінің матери-

алдық-техникалық базасын арттыруға елеулі үлес қосып келеді. Басқаны айтпағанның өзінде биылдың өзінде кәсіпорын шамамен 1 млн. АҚШ долларына жуық заманауи медициналық жабдықтарды аудан жұртшылығының игілігіне тапсырды. Кәсіпорын сыйлаған реанимобильдердің, жан сақтау бөлімі құрылғыларының, фототерапия аппараты мен жаңа туған нәрестелерге арналған инкубатордың, ультрадыбыстық жүйенің, травматологияға арналған мобильді жан сақтау жүйесінің, жоғары технологиялық заманауи компьютерлердің медициналық қызметтің сапасын әлдеқайда жақсартуға ықпал етіп жатқа-



нына біз куә болып отырмыз.

Аурухана ұжымы мен емделушілер атынан «Теңізшевройл» кәсіпорнының қамқорлығына, әсіресе оңды істің бастауында тұрған кәсіпорын директоры Имер Боннер мен аудан қажетін жете білетін жерлесіміз, үкіметпен

және жұртшылықпен байланыс бөлімі бас менеджері Рзабек Артығалиевқа, жалпы тшолықтарға шынайы алғысымызды білдіреміз. Кәсіпорынның ауқымы кеңейіп, өндірістік көрсеткіші дамыған сайын, біз ауданымыздың ажары айшықтала түсетініне сенеміз.

Сондықтан аудан төріндегі кәсіпорынның жан-жақты дами түскенін қалаймыз.

**Нұрбек Үкібаев,**  
Жылыой аудандық орталық ауруханасы директоры.

Суретті түсірген  
**Қарасай Күнжарықов.**

### Сыйға – музыкалық жабдық

«Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Атырау филиалы (бұдан әрі - қоғам) заманауи музыкалық жабдықтармен толықты. Компания қоғамға жалпы құны 2 млн теңгеден асатын әртүрлі музыкалық аспаптар мен акустикалық жабдықтарды сыйға тартты.

«Біздің кішігірім сыйлығымыз Атырау соқырлар қоғамы мүшелерінің бос уақытын өткізуге және олардың шығармашылық дамуына ықпал етеді деген үміттеміз. Ортақтастыру және өзгешеліктерді құрметтеу ТШО-ның басты құндылықтарының бірі

болып табылады. Біз мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға және олардың қаланың қоғамдық және мәдени өмірінің барлық аспектілеріне қатысуларына көмектесетін бастамаларды қолдағанымызға қуаныштымыз», - деді өз сөзінде «Теңізшевройл» кәсіпорнының үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері Рзабек Артығалиев.

«Қазақ соқырлар қоғамының» Атырау филиалында музыкалық құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі бүгінге дейін өзекті мәселе болып ке-



леді. Қоғам төрайымы Жұпар Сәрсекенованың айтуынша, көру қабілеті төмендеген адамдардың шығармашылық әлеуеті жоғары болып келеді.

Алайда қажетті жағдайлар мен қажетті құрал-жабдықтардың жоқтығынан қабілеттерін ұштай алмай жататыны жасырын емес. Сыйға алынған

музыкалық аспаптар мен жабдықтар қоғам мүшелерінің бос уақытын тиімді өткізуге және қала мен облыстың түрлі шығармашылық конкурстарына қатысуға көмектеспек.

«Теңізшевройл» ЖШС мен «Қазақ соқырлар қоғамының» Атырау филиалымен байланысы бірінші рет емес. Алты жыл бойы компания қызметкерлері еріктілер ретінде ТШО-ның әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы аясындағы «Ынтымақ» әлеуметтік жобасы арқылы осы ұйымды белсенді түрде қолдап келеді.

**Марина Фахрутдинова.**

Суретті түсірген  
**Ерлан Ислямов.**



## Журналистер конкурсы қортындыланды

Қыркүйек айының алғашқы аптасында Қазақстан мұнайының 120 жылдығы ерекше салтанатпен атап өтілді. Мерейтойға арналған шаралар шоғырында «Теңізшевройл» кәсіпорнының «Атырау-Ақпаратпен» және Қазақстан Журналистер Одағы облыстық ұйымымен бірлесе отырып, Атырау облысының бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистерінің еңбегіне жариялаған шығармашылық конкурсы болатын.

Осымен тоғызыншы рет ұйымдастырылған конкурста бес ұжымдық редакциядан, атап айтқанда, «Прикаспийская коммуна», «Атырау», «Алтын аймақ», «Алтын адам» газеттері мен «Мұнайлы мекен» журналынан және 33 жеке журналистен жүзге жуық материал келіп түсті. Оның 17-сі басылым түріндегі БАҚ-нан, 1 ардагер мұнайшы, 1 радиожурналист, 3 тележурналист, 3 аудандық газет өкілі, 1 фототілші және 3 телеоператор.

Конкурс қортындысына арналған салтанатты шарада «Теңізшевройл» ЖШС-нің үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері, жюри алқасының төрағасы Р. Артығалиев: – Өздеріңіз білетіндей, биылғы конкурс Қазақстан

мұнайының 120 жылдығына арналды. Арада өткен осыншама уақытта Қазақстан мұнайы мемлекетіміздің, әсіресе еліміздің тәуелсіздік алған жылдарында аяғынан тік тұрып кетуінде орасан зор рөл атқарды. Ғасырдан ұзақ жылда жүздеген кеніштер ашылып, ел қажетіне жарады. Міне, осының бәрі журналистер қаламына, телеобъективке ілінсе деген мақсатпен биылғы конкурсты жариялаған болатынбыз. Журналистер сол мақсаттан шықты деген ойдамыз-деді.

Салтанатты рәсімге қатысып, сөз сөйлеген Атырау қаласы әкімінің орынбасары Ұ. Тінәлиев, «Атырау-Ақпарат» ЖШС директорының орынбасары Ы. Егембердиев, Қазақстан Журналистер Одағы Атырау облыстық ұйымының төрайымы А. Қалаусариева журналистерге шығармашылық шабыт беріп, оларды қанаттандыра түсетін осындай конкурсты ұйымдастырып қана қоймай, оған жылда демеуші болып келе жатқан кәсіпорынға табыс тіледі.

Шыны керек, әділқазылар алқасына жүлдегерлерді анықтау оңайға түспеді. Конкурсқа қатысушылардың дені Қазақстан мұнайының ел экономикасына қосқан үлесін ашуда айтарлықтай талпыныс



танытты. Әйтсе де, әділқазылар алқасы конкурста түскен материалдарды саралай отырып, әлі де кемшіліктер бар екенін жасырмады. Алдағы уақытта конкурста қатысушылар конкурс Ережесіне сай, шығармашылық бағытта жұмыс істейді деген сенімдерін де жеткізді.

Сонымен, қызу талқыдан кейін, жюри мүшелерінің пікірлері бір арнада тоғысып, мынандай шешімге келді.

**«Облыстағы таңдаулы БАҚ»** номинациясы бойынша облыстық «Атырау» газеті жеңімпаз деп танылды. Ал, Бас жүлде ардагер журналист, «Алтын аймақ» газетінің бас редакторы Төлеген Берішбайға берілді. **Телеоператорлар арасында** «Қазақстан» телеарнасының Атырау облысындағы операторы Өнербек Жаңабаев бірінші, ал екінші, үшінші орындарды облыстық телеарна операторлары Талғат Қуанышев пен Айбек Өтемісұлы

бөлісті.

**«Үздік фототілші»** номинациясында «Атырау» газетінің фототілшісі Ерлан Алтыбаев үздік атанды.

**«Жас қалам»** номинациясы бойынша бірінші, екінші орындарды «Атырау» газетінің тілшісі Майра Оразғалиева мен «Прикаспийская коммуна» газеттерінің тілшісі Анжелика Ли бөлісті.

**«Мемлекеттік немесе орыс тіліндегі үздік теле-репортаж»** номинациясында бірінші, екінші орындарға облыстық телеарнаның журналистері Айымгүл Хайрулина мен Гүлназ Кәрімжан ие болды.

**«Басылым түріндегі орыс тілді БАҚ-та жарияланған үздік мақалада»** ардагер журналист Любовь Монастырская бірінші, ал екінші орынды «Прикаспийская коммуна» газетінің тілшісі Светлана Новак, үшінші орынды сол газеттен Алма Тұрғанова мен

Марина Куанышева иеленді. **«Басылым түріндегі мемлекеттік тілдегі БАҚ-та жарияланған үздік мақалада»** ардагер журналист Меңдібай Сүмесінов бірінші орынға ие болды. Екінші орынды белгілі журналист Жолдасбек Көшербай мен кәнігі мұнайшы Бағыт Сматуллин бөліссе, үшінші орынға атыраулық Бағытжан Жұмат пен Азамат Базарбаев шықты.

**«Республикалық БАҚ-тың үздік меншікті тілшісі»** аталымы бойынша бірінші орынға Қазақстан телеарнасының Атырау облысындағы меншікті тілшісі Жандос Темірғалиев, ал екінші орынға «Мұнайлы мекен» республикалық журналының бас редакторы Жеңіс Аронов лайық деп танылды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

**С. Қайырғалиева.**

## Ақындар айтысы

**«Мұнайшылар, мұнай бер, соны сенен сұрайды ел...»**

Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармонияда «Теңізшевройл» ЖШС-нің демеушілігімен, Қазақстан Жазушылар Одағы Атырау облыстық филиалының қолдауымен өткен ақындар айтысы осылай аталды. Айтысты Қазақстан Жазушылар Одағы Атырау облыстық филиалының директоры Қойшығұл Жылқышиев жүргізіп отырды. Айтыстың шымылдығын «Теңізшевройл» ЖШС-нің үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері Рзабек Артығалиев ашты.

– Ұлттық өнерді ұлықтап, жаңғыртуға ерекше мән беретін біздің кәсіпорынның осы айтысты жыл сайын өткізудегі мақсаты-ел ішіндегі таланттарды тауып, бұлақтың көзін ашу. Біз бұл мақсатымызға жетіп те келеміз. Осы сахнадан үлкен айтысқа жолдама алған Шалқарбай Ізбасаров, Серік Қойшығұлов, ағайынды Дауленовтер пен Панабердиевтер, Нұрбейбіт Нұғмановтар

өздерінің оралымды ойға толытың шумақтарымен көптің құрметіне боленуде. Биыл да төрт дебютанттың тұсауы осы сахнада кесілмек. Біз облыстағы айтыстың анасы атанған Жәниба Қарасаева апамыздың ізбасарларының жылдан жылға көбейіп келе жатқанын мақтан тұтамыз, – деді ол. – Бүгінгі ақындар айтысы ұлттық экономиканың қозғаушы күші саналатын мұнай өнеркәсібіне, оны дамытуға лайықты үлес қосқан сала ардагерлері мен бүгінгі мұнайшылардың жемісті еңбегіне, әлемдік мұнай нарығында көшбасшыға айналған ел ырысы – ТШО-ның өткені мен бүгініне, кемел келешегіне арналғалы отыр.

Айтыстың беташарын бастаған алғашқы жұп – Әнуарбек Садықов пен Нұрбейбіт Нұғманов. Әнуарбек ТШО-ның ең алғаш облысымызға инвестор болып келу тарихын өлең тілімен әдемі өріп, көрермен қошаметіне бөлгенді.

Ол Атырау мұнайына еңбегі сіңген ерлердің есімдерін жұршылыққа паш етті. Келесі



жұп Нұрбек Сарбасов пен Ернұр Салауатұлын көрермендер қолпаштап қарсы алды

Айтыс ақыны, республикалық айтыстардың бірнеше дүркін жүлдегері Салауат Исахаевтың бақилық болғанына да бір жылдың жүзі жақындады. Ернұр – алтынның сынығы, тұлпардың тұяғы. Салауаттай ақынның сонына қалдырған ізі.

Өзінің ақын ағасына деген сыйластығын баласына арманда кеткен Салауаттай асылдың атын бергендігі арқылы білдірген ол жас Ернұрдың алғашқы

қадамына ағалық ниетпен ақ жолын ұсынды.

Аламан айтысқа атақты қызылқоғалық айтыскер ақын Қадырбай Жолаевтың ұрпағы Батыржан Қадырбай да қатысты. Небәрі орта мектептің 11 сыныбында оқитын Батыржанның аяқ алысы тәп-тәуір. Тәрбиелеп, жолға салатын бапкер болса, талай аламанды бәйгені қолдан бермейтін жүйріктердің сапына ілеседі деген үміт бар.

Сөйтіп, екі айналымнан тұрған айтыстың Бас бәй-

гесі жылыойлық Сырымбек Сәрсенбаевтың қанжығасына байланды. Бірінші орынды исатайлық Серікбол Панабердиев жеңіп алды. Екінші орынды жылыойлық Ернұр Салауатұлы мен қызылқоғалық Батыржан Қадырбай бөлісті. Үшінші орынға Нұрбейбіт Нұғманов, Бимырза Әбілқайыров, Нұрасыл Исаев лайық деп танылды. Ал, ТШО ЖШС-нің арнайы сыйлығы Алматы қаласында білім алып жүрген атыраулық студент Жақсылық Әпужановқа бұйырды. «Теңізшевройл» айтысқа қатысқан айтыскерлердің бәрін де арнайы сыйлықпен марапаттады.

Жеті сағат бойы айтыскерлер өнерін тапжылмай қызықтаған көрермендердің айтысқа шөлдеп қалғандығын анық аңғаруға болады. Көрерменнің облыстағы айтыс өнерінің кеңінен қанат жаюына он бір жыл қатарынан қолдау көрсетіп келе жатқан «Теңізшевройлға» деген алғысы да арнасынан асып, төгіліп жатты...

Арнайы «ТШО жаңалықтары» газеті үшін:

**Гүлзада Ниетқалиева,** әділқазылар алқасының мүшесі, ақын.





## Жергілікті оқушыларды мектепке дайындадық

Қашан да жаңа оқу жылы басталысымен оқушылар мектеп табалдырығын үлкен арманмен аттайды. Ал, ата-аналар болса, балаларына қажет барлық жабдықты жинап, мектепке сақадай сай етеді. Жасыратыны жоқ, кейбір отбасылардың балаларын мектепке толық дайындауына қаржылық мүмкіндігі жетпей жатады. Осыны ескерген кәсіпорынның Атыраудағы бас кеңесі мен Теңіздегі ТШО қызметкерлерінің Әйелдер Қоғамдастығы «Қазақстанның Қызыл Жарты ай» қоғамы Атырау филиалымен және Жылыой аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен бірлесе отырып, шілде-тамыз айларында «Баланы мектепке бірге дайындайық» атты шара ұйымдастырды.

Аталған шараға бей-жай қарай алмаған компанияның жомарт қызметкерлері акцияға

белсене қатысып, балаларды мектепке дайындауға көмектесті. Аталған акцияның мақсаты-төрт не одан да көп балалары бар, табысы төмен отбасыларға және мүгедек балалар мен жалғыз ілікті аналарға қол ұшын беру болатын.

Біз бұндай көмекті екінші жыл қатарынан беру мүмкіндігіне ие болғанымызға дән ризамыз. Биыл өткен жылмен салыстырғанда, көмекке зәру балалардың саны екі есеге артық болды. Әр баланы мектепке дайындауға шамамен 20000 теңгедей қаражат жұмсалды. Еріктілер жұмыстан тыс уақытта өздері магазин аралап, керекті киім-кешек пен мектепке қажетті құрал-жабдықтарды сатып алды.

Тамыз айының бір күнінде Теңіздегі ТШО қызметкерлерінің Әйелдер Қоғамдастығы Құлсары қаласындағы мейрамханаға мерекелік дастархан жайып, оқушыларға ерекше



көңіл-күй сыйлады. Оқушылар би билеп, ән салып, өз өнерлерін көрсетті.

Келешек Кеңею Жобасының инфрақұрылым жөніндегі менеджері Джон Ригби, әйелдер қауымдастығының кеңесшісі Тая Гуидри жиналғандар алдында сөз сөйлеп, аудандағы көп балалы отбасылар мен жалғыз ілікті аналарға жылы сөздерімен қанат бітірді. Осы шараға демеуші болған Эдвард Бенфилд «Балалар мен олардың ата-аналарының алғысын есту-біз үшін үлкен қуаныш. Аталған шараға қатысып, олардың қуанышты жүзін көрудің өзі не тұрады! Құлсарылық балалар керемет өнерлі боп шықты, бәрі де жақсы билейді» деп алған әсерімен бөлісті.

Араға он күн салып,

осындай шара Атырау қаласында өтті. Шара Құрманғазы атындағы мәдениет үйінде «Қазақстанның Қызыл Жарты ай» қоғамы Атырау филиалымен бірлесе ұйымдастырылды. Шараға «Теңізшевройл» кәсіпорнының құқықтық қамту департаментінің бас менеджері Әсет Құрманбаев және ТШО қызметкерлері Әйелдер Қоғамдастығының өкілдері қатысты. ТШО қызметкерлері Әйелдер Қоғамдастығының Атыраудағы бөлімшесінің төрайымы Балнұр Шонтаева өз сөзінде балаларға қуаныш сыйлаудың қаншалықты зор мәртебе екендігін атап өтті. Ал, Әсет Құрманбаев қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсариннің: «Оқымаған жүреді Қараңғыны қармалап.

Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық. Оқысаңыз, балалар, Шамнан шырақ жағылар, Тілегенің алдыңнан Іздемей-ақ табылар», – деген өлең жолдарын жатқа оқып, балаларды оқу-білімге шақырды.

Жылыой ауданы мен Атырау қаласында ұйымдастырылған қайырымдылық акциясы нәтижесінде 347 оқушы мектепке қажетті жабдықтарды сыйға алды.

Біз аталған акцияға қатысқан барлық әріптеске мықты денсаулық, еңбекте табыс тілейміз. Қашан да сіздерді жақсы істің бастауында көрейік.

Светлана Ли,  
Сәуле Қожабергенова.

## Мектепке жол

19-21 тамыз аралығында Атырау қаласында «Ынтымақ» қауымдастықты дамыту бағдарламасы аясында «Мектепке жол» жобасы жүзеге асырылды. Жоба мақсаты аз қамтылған және көп балалы отбасылардың балаларына, сондай-ақ ерекше балалы отбасыларға мектеп керек-жарақтары түрінде

тегін көмек ұсыну болатын. Осы жылы еріктілердің күшімен Атырау қаласында аз қамтылған отбасылардан шыққан 300 оқушыға мектеп құрал-жабдықтары салынған рюкзактар берілді.

Ал, 22 тамызда «Ынтымақ» қауымдастықты дамыту бағдарламасы аясында Жылыой ауданының аз қамтылған отбасыларындағы 61 оқушыға мектеп құралдары сыйға

тартылды. Мектеп құралдары Теңіздегі «Кемел» тобы ұйымдастырған қайырымдылық жүгіру шарасы кезінде жиналған қаражатқа алынды.

24 тамызда «Ынтымақ» еріктілері «Мектепке жол» жобасын Жылыой ауданының Қосшағыл ауылындағы мектеп-интернатта жалғастырды. Мұнда қазір әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардан және халық сирек қоныстанған ауылдардан

келген 36 бала білім алуға.

«Ынтымақ Атырау» үкіметтік емес ұйымы «Теңізшевройл» ЖШС-нің үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөліміне, еріктілерге, сондай-ақ, Жастар үйі тәрбиеленушілеріне жобамызға көрсеткен қолдаулары үшін алғыс айтады.

Майя Шаменова,  
«Ынтымақ Атырау»  
ҰЕҰ директоры.

## МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА

### Әлеуметтік кәсіпкерлердің алғашқы құрылтайы

«Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылық қолдауымен Орталық Азияның Еуразия Қоры (ОАЕК) «Жарқыра» бағдарламасының шеңберінде Маңғыстау облысындағы әлеуметтік кәсіпкерлердің бірінші құрылтайы болып өтті.

Шараға облыс әкімдігінің әлеуметтік басқару блогы, БАҚ, «Атамекен» ҰКП, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қоры» АҚ, облыстың Азаматтық альянсы, ҰЕҰ, «Теңізшевройл» ЖШС және ОАЕК өкілдері қатысты.

Үстіміздегі жылы Маңғыстау облысында 7 әлеуметтік-кәсіпкерлік жобаға қолдау көрсетілді: 5 жобаға 11 миллион теңге көлемінде қаржы бөлінді және екі жоба ТМД елдеріне кәсіби тағылымдама ұтып алды. Жобалардың

тақырыбы: даму, спорт және балаларға білім беру; мүгедек жандар үшін қолжетімді орта; жарақаттар мен insultтан кейінгі сауықтыру. Аталмыш жобалар Маңғыстау облысының 800-ге жуық тұрғынына қызмет көрсетеді.

«Жобаға қатысу маған жаңа достар сыйлады және мүмкіндіктерімнің жаңа қырларын ашты. Мен БМС диагнозы бар адамдардың жүзуіне арналған арнайы арбаны бірінші болып сынап көруге келістім. «Луара» бейімделген жағажайында жазғы маусым ашылған күні салтанатты түрде мені теңіз суына ыңғайлы әрі қауіпсіз арбада түсірді», - деді «Луара» қоғамдық қорының бенефициары Рафаэль.

Құрылтайға «Жарқыра» бағдарламасы шеңберіндегі



жобаларға төртінші жыл қатысып келе жатқан, тәжірибелері әлдеқайда мол Атырау облысының әлеуметтік кәсіпкерлері де қатысты.

– ТШО «Жарқыра» бағдарламасы арқылы Қазақстанның батыс өңірінде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасауда. 2016-2019 жж. аралығында Атырау облысында 31 әлеуметтік кәсіпкер байқаудың жеңімпазы атанды. Ал осы жылдың наурызында

біз Маңғыстау облысында «Жарқыра» байқауының 7 жеңімпазын жарияладық, соның ішіндегі 6 бизнес-жоба жергілікті халықтың игілігіне белсенді түрде қызмет етуде. Осы ретте, біз байқаудың жартылай финалы мен финалы арасындағы маркетинг, қаржы, стратегиялық жоспарлау және көпшілік алдында сөз сөйлеу бойынша оқу курстарынан өткен, қызмет етіп жатқан немесе қызметін жаңадан бастаған,

кәсіпкерлерді де ұмытпауымыз қажет. Жеңімпаз атанбаса да, олар жобаның арқасында білім қорларын молайтады, – деді өз сөзінде «Теңізшевройл» ЖШС-нің үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері Рзабек Артығалиев.

Күннің екінші жартысында Алматыдан келген жаттықтырушы Ғалым Жукупбаевтың «Бизнес үшін идеялар іздестіру» атты авторлық тренингі өтті. Оған 84 адам қатысты. Бизнес идеяларды қалай іздестіру қажет, Ақтау нарығында өз идеяңызды қалай ілгері жылжыту керек, қалай табыс табуға болады деген шағын бизнесті қызықтыратын сұрақтар тренинг барысында талқыланды. Кешке қатысушылар «Мен келесі «Жарқыра» байқауына өтініш беремін!» деген көңіл-күймен тренингтен шығып жатты.

М. Фахрутдинова.



## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

## Боулинг пен бильярдтан турнир

Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай, ТШО бас директоры орынбасарының бөлімі кәсіпорын қызметкерлерінің арасында боулинг пен бильярдтан турнир ұйымдастырды.

Атырау қаласындағы «Strike» деп аталатын боулинг орталығындағы турнирді кәсіпорын бас директорының орынбасары

Мұрат Мұқашев сөз сөйлеп ашып, қатысушыларды Қазақстан мұнайының 120 жылдығымен құттықтап, спортты серік еткен ұжымның алар асуының, шығартауының биік болатындығын айтып, қатысушыларға жеңіс тіледі.

Әдеттегідей қызметкерлердің қызығушылығы мен зор ынтасын туғызған екі турнирде де жеңімпаздарды анықтау оңай болмады. Ептілік пен ширақтық сынаққа түскен **боулингте**

**I – орынды еңбек қабілеті, еңбекті және**

**қоршаған ортаны қорғау бөлімі:**

1. Сапан Жәнібек
2. Төлегенова Гүлмира
3. Қуанғалиева Динара
4. Ақтанова Аида
5. Жауыр Заманбек

**II – орынды материалдық техникалық қамтуды ұйымдастыру бөлімі:**

1. Нұрлыбек Қалыбаев
2. Леонид Ким
3. Георгий Макишев
4. Аслан Нұрғалиев
5. Берік Ботаханов

**III – орынды ақпараттық технология бөлімі:**

1. Асылбек Жұмашев

2. Мұрат Піржанов  
3. Хангерей Даулетқалиев  
4. Досымжан Ижанов  
5. Абзал Сембай иеленді, ал араға апта салып, «Infinity» клубында **бильярдтан** өткен сайыста

**I – орынды:**

1. Нұрхан Құрбанбаев

**II – орынды:**

1. Нұралы Еламан

**III – орынды:**

1. Болат Нұрмағамбетов
  - пен
  2. Шыңғыс Жакелов
- бөлісті.

Бильярд турниріне үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері Р. Артығалиев және құқықтық қамту департаментінің бас менеджері Ә. Құрманбаев қатысып, қатысушыларды Қазақстан мұнайының айтулы мерейтойымен құттықтап, әріптестерінің қашан да жеңіс тұғырынан көрінулеріне тілектестік білдірді. Жеңімпаздарға арнайы мерекелік сертификаттар тапсырылды.

**Дина Сұлташева,**  
**Олжас Лұқманов,**  
ТШО қызметкерлері.



## Атыраудағы денсаулық күндері

Жақында адам ресурстары басқармасының Кемел тобы «Теңізшевройлдың» Атыраудағы бас кеңсесі ғимаратында денсаулық күндерін өткізді. Токсан сайын өтетін бұл шараның басты мақсаты-компания қызметкерлерінің салауатты өмір салты жөніндегі хабардарлығын арттырып қана қоймай, денсаулықтарын нығайту мәселелеріне назарларын аудару.

Алғашқы күні кәсіби жабдық негізінде қызметкерлердің дене құрамына талдау жасалды. Тексеру нәтижесінде әр қызметкер өз денесіндегі бұлшық ет пен май көлемін, висцеральдық май деңгейін, сондай-ақ өзінің

метаболизмдік жасын білуге мүмкіндік алды. Қызметкерлер диеталық балмұздақтан

дәм татты, дұрыс тамақтану, тамақ тандау бойынша да мамандардан кеңес алды.

Келесі күні қызметкерлер арасында анағұрлым кеңірек тараған артериялық қан деңгейін анықтау бойынша скринг өткізілді. Артериялық

қан қысымы скрингсінен өтуге 131 қызметкер қатысты. Аталған шара шеңберінде салауатты өмір салтын орнықтыру бойынша ақпараттық танымдық әңгімелер өткізіліп, ақпараттық материалдар таратылды. Өз

болмысын көрсету және өзін өзі тануды дамыту ерекшеліктері арқылы психикалық жағдайды үйлестіруді мақсат еткен Арт терапия да ұйымдастырылды.

Денсаулық күндерінің қорытындысында сүйектің минеральдық тығыздығын анықтау бойынша скринг өткізілді. Скринингтік тест сүйек тығыздығын анықтап, мұқтаждардың мамандардан кеңес алуына жол ашты. Сондай-ақ, шараны шын мәнінде спорт мерекесі дәрежесіне көтерген дойбыдан сайыс та қатысушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Кемел тобының сауықтыру шараларына жалпы 286-дан аса адам қатысты. Әр шара қызметкерлердің үлкен кезегімен өтті.

**Кемел тобы,**  
кәсіпорынның адам ресурстары басқармасы.

